# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 13 (1276)

10.04.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


ТУРИЗМ

## АЛАКӨЛДІҢ ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҒЫ МИНИСТРЛЕР НАЗАРЫНДА

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ АИДА БАЛАЕВА МЕН ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ЕРБОЛ МЫРЗАБОСЫНОВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛІП, АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ.**



Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының, салалық ведомстволардың өкілдері, сондай-ақ Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев қатысты.

Сапар барысында Үкімет өкілдері қонақүй кешендерін, кәріз-тазарту құрылыстарын, Көктұма ауылындағы жағалауды бекіту учаскелерін және Үшарал әуежайын аралады. Әр нысан бойынша дайындық деңгейі мен жобалардың іске асу қарқыны таныстырылды.

Министрлерге жол инфрақұрылымының жаңаруы мен әуежайдың кеңейтілуі туристер легін арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды. Сонымен қатар жағалаудағы кей учаскелерде жағаның шайылу мәселесі бар екені де көтерілді.

Аида Балаева туристер санының өсуін ескеріп, басты талап – қызмет сапасы мен қауіпсіздік екенін атап өтті. Оның айтуынша, тазалық, тәртіп және барлық қызметтердің үйлесімді жұмысы қамтамасыз етілуі тиіс.

Жұмыс қорытындысында жауапты органдарға инфрақұрылым жобаларын мерзімінде аяқтау, жағалауды толық дайындау, сондай-ақ қауіпсіздік пен санитариялық бақылауды күшейту тапсырылды.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**
**Дереккөз ҚР Премьер-Министрінің ресми сайтынан алынды**

## ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің жылдық іс-шаралар жоспарына сәйкес, 27 сәуір күні сағат 10.00-де Желтоқсан көшесі №259/1 мекенжайында орналасқан «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ғимаратында қала ардагерлері арасында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ спорт түрлерінен жарыс өткізіледі.

**Жарысқа қатысатын үміткерлер!**
**Төмендегі телефон нөміріне хабарласыңыздар!**
**1. 8 701 623 33 57, 2. 8 747 118 49 07**

## БАЙҚАУ

## «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.




**БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!**

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

***Байланыс телефоны:* 8 776 970 0718**
***Э/пошта:* alatau.offset@mail.ru**


## БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
| --- | --- |
| редакция арқылы | через редакцию |
| **1 жылға – 4 212 теңге.** | **на год – 4 212 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға | через «Казпочту» для физических лиц |
| **1 жылға – 6 550,96 теңге.** | **на год – 6 550,96 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға | через «Казпочту» для юридических лиц |
| **1 жылға – 8 925,28 теңге.** | **на год – 8 925,28 тенге.** |




Жетісу облысы бойынша жазылу индексі: **15534** Подписной индекс для других регионов РК: **65534**

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ БІТІМГЕ КЕЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМІН ҚҰПТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Таяу Шығыстағы соғысты толық тоқтату және бітімге келу туралы келісімге қол жеткізілуін құптайды, деп хабарлайды turkystan.kz.

Бұл туралы Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында жазды. Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф пен Пәкістан Қарулы күштерінің бас қолбасшысы, фельдмаршал Асим Мунирдің араағайындығы арқылы Таяу Шығыстағы соғысты толық тоқтату және бітімге келу туралы келісімге қол жеткізілуін құптайды.

Бұл келісім АҚШ Президенті Дональд Трамптың және Иранның жоғарғы басшылығының, сондай-ақ әскери қақтығысқа қатысқан елдердің ізгі ниеті мен парасаттылығының арқасында мүмкін болды.

Мемлекет басшысы әлемдік сауданың дамуына және барлық мемлекеттің экономикалық өркендеуіне жағдай жасау мақсатында қол жеткізілген бітімгершілік келісімнің ұзақ мерзімді сипатқа ие болатынына үміт білдірді.

### ДЖЕКИ ЧАННЫҢ ЖАҢА ФИЛЬМІ ҚАСКЕЛЕҢДЕ ТҮСІРІЛЕДІ

Әлемге әйгілі актер Джеки Чан басты рөлді сомдайтын «Доспехи Бога 4: Ультиматум» фильмі Қаскелеңде түсірілмек.

Кино түсірілімі үшін арнайы Dala Stage кинопавильоны салынып жатыр. Жобаның жалпы аумағы 15 гектарды құраса, ғимараттың көлемі 3000 шаршы метр болмақ. Құрылыс жұмыстарын 2026 жылдың тамыз айында аяқтау жоспарланған.

Айта кетейік, фильмнің режиссері - қазақстандық Роберт Кун. Бұған дейін фильмнің кейбір эпизодтары Маңғыстау өңірінде түсірілетіні де хабарланған еді.

Роберт Кун - халықаралық деңгейде танылған режиссер. Ол Disney, Paramount, Universal және 20th Century Fox сияқты ірі киностудиялармен жұмыс істеген.

### ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ КӨРСЕТКІШІ АРТУДА

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жастарды тұрақты жұмыспен қамту жұмыстары жыл сайын артып келеді. Оның дәлелі өткен жылы «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында 340 жас маман жолдама арқылы алғашқы жұмыс орындарына орналасқан. Соның ішінде 55 жас маман практикадан кейін тұрақты қызметке қабылданған.

Биыл 400-ге жуық жас маманды жолдама арқылы жұмыспен қамту жоспарлануда. Жыл басынан бері олардың 10-ы практика барысында тұрақты жұмысқа орналасып үлгерді. Мансап орталығының мәліметінше, жас мамандардың басым бөлігі тек кеңселік жұмыстармен шектелмей, кәсіпорындарда, медицина, білім беру және IT салаларында еңбек етуді таңдауда.

### ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жол жөндеу жұмыстары қарқынды түрде басталды.

Биыл қала бойынша жалпы саны 118 көшеде, шамамен 70 шақырым жол жөнделеді. Оның ішінде 30,2 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіліп, 17 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалады.

Құрметті қала тұрғындары! Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауларыңызды және жөндеу жұмыстарына байланысты туындауы мүмкін уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

### БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БАҚЫЛАУДА

Білім беру саласындағы қоғамдық мониторингтің екінші кезеңі басталды. Бұл 2025 жылы жүргізілген ауқымды тексерудің жалғасы болмақ. Ол кезде мониторингке 162 қоғамдық өкіл қатысып, өңірдегі 443 білім беру мекемесі қамтылған.

Нәтижесінде бірқатар жүйелі мәселелер анықталды. Атап айтқанда, 56 мектепте 30 жылдан астам уақыт бойы күрделі жөндеу жүргізілмеген, асханадағы тамақ сапасына қатысты шағымдар тіркелген, сондай-ақ 300-ден астам бейнебақылау камерасының жұмыс істемейтіні белгілі болды. Барлық нәтижелер қоғамдық кеңестің отырысында қаралып, мемлекеттік органдарға нақты ұсынымдар жолданды. Анықталған мәселелердің бірқатары бүгінде шешімін тапқан.

### ТЖМ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ БАЛҚАШ КӨЛІН ПАТРУЛЬДЕУДЕ

Құтқарушылар Жетісу облысындағы Балқаш көлінде күн сайын акваторияда патрульдеу жүргізуде. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы техника жұмылдырылған.

Әуе жастықты қайықтың көмегімен мамандар жетуі қиын учаскелерді де бақылауда ұстап, ықтимал төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік алуда.

Қазіргі уақытта көлдегі мұз тұрақсыз. Кейбір жерлерде ашық су байқалса, басқа тұстарда жұқа мұз және ыққан мұз кесектері кездеседі. Дәл қазір ең қауіпті кезеңдердің бірі өтпелі уақыт. Бұл кезде мұз өзінің беріктігін жоғалтады, ал су толық ашылып үлгермейді. Осындай жағдайда мұздың опырылып кету қаупі өте жоғары.

ТЖМ азаматтарды қауіпсіздік шараларын сақтауға, жұқа мұз үстіне шықпауға, балаларды қараусыз қалдырмауға, қауіпті учаскелерден аулақ болуға және өз өмірлерін қауіпке тікпеуге шақырады.

### ЗАУЫТТАҒЫ ӨРТ СӨНДІРІЛДІ

Талдықорғанда шыны пластик құбырлар өндіретін зауыт аумағында өрт шықты. Оқиға салдарынан өндірістік аймақ үстін қалың қара түтін басып, ол қаланың әртүрлі бөліктерінен көрінген. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өрт сөндірушілер келген кезде цех ішінде диаметрі 2 метр, ұзындығы 15 метр болатын, шыны мақтамен қапталған үш құбыр жанған.

Құтқарушылардың жедел әрекетінің арқасында өрттің жарылыс қаупі бар шайыр ерітіндісі құйылған бөшкелерге таралуына жол берілмеді. Өрт 50 шаршы метр аумақта оқшауланып, толық сөндірілді. Зардап шеккендер жоқ. Қазіргі уақытта өрттің шығу себептері анықталуда.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# 41 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ




***Талдықорғанда әлеуметтік осал санаттағы 41 отбасы жаңа пәтерге қол жеткізді. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға бір, екі және үш бөлмелі баспаналардың кілттері салтанатты түрде табысталды. Қоныс тойын тойлаған тұрғындар «Жастар-3» тұрғын үй алабы мен «Шығыс» шағын ауданындағы жаңа үйлерге орналасты.***

Пәтер кілттерін табыстау рәсімінде қала әкімі Ернат Бәзіл сөз сөйлеп, өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолдауының арқасында бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасып келеді. Өткен жылы 630-дан астам талдықорғандық баспаналы болса, биылғы жылдың басынан бері 231 азамат жаңа пәтерге ие болған.

Шаһар басшысы тұрғындарды баспанамен қамту жұмысы алдағы уақытта да бәсеңдемейтінін жеткізіп, қоныс тойын тойлап жатқан отбасыларға ізгі тілегін білдірді.

Жалпы, көктем айлары басталғалы бері облыс тұрғындары тұрақты түрде жаңа үйлерге қоныстанып, баспана мәселесінің кезең-кезеңімен шешіліп келе жатқанын аңғаруға болады.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

# ЖАҢА ЖОЛ АЙЫРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

***Талдықорған қаласында көлік қозғалысын жеңілдетуге бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба жүзеге аса бастады. Атап айтқанда, «Береке» коттедж қалашығы мен Ынтымақ тұрғын алабынан қалаға қатынайтын жаңа жол айырығының құрылысы қолға алынды.***



Осыған байланысты қала әкімі Ернат Бәзіл құрылыс алаңына арнайы барып, мердігер ұйым өкілдерімен кездесті. Әкім жобаның сапасына ерекше мән беріп, жол айырығының көлік қозғалысы үшін қауіпсіз болуын және белгіленген мерзімде толық аяқталуын қатаң тапсырды.

Айта кетейік, «Береке» мен Ынтымақ тұрғын алабының халқы қалаға жету үшін шамамен 2 шақырымға жуық артық айналма жолмен жүруге мәжбүр екенін жеткізген болатын. Осы мәселені шешу мақсатында биыл жаңа жоба әзірленіп, «Алматы – Өскемен» автожолының 259-шақырымында, яғни Ынтымақ тұрғын алабы мен «Береке» коттедж қалашығына апаратын тұста жол айырығының құрылысы басталды. Жобаның жалпы ұзындығы шамамен 300 метрді құрайды.

Мамандардың айтуынша, жоба толық жүзеге асқаннан кейін қала мен аталған елді мекендер арасындағы көлік қатынасы едәуір жеңілдеп, жол қауіпсіздігі артады.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

# «АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ» КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗДІ



***8 сәуір күні «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалының IX есеп беру-сайлау конференциясы Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында өтті. Жиынға делегаттар толық қатысып, оларға күн тәртібі мен қажетті құжаттар таратылды.***

Конференцияға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов пен облыстық мәслихат төрайымы Гүлнар Тойлыбаева қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес есепті баяндама тыңдалып, атқарылған жұмыстар таныстырылды. Сонымен қатар тексеру комиссиясының есебі қаралып, қаржының кірісі мен шығысы бойынша толық мәлімет берілді.

Жиын барысында Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің жаңа құрамы (49 адам), 3 адамнан тұратын тексеру комиссиясы және 15 мүшеден құралған президиум сайланды. Дауыс беру нәтижесінде Ермек Келемсейітов кеңес төрағасы болып қайта сайланды.

Сондай-ақ «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің XI съезіне Ермек Келемсейітов, Сайлау Бәзілов және Ұлжалғас Дүйсебаева делегат болып сайланды. Конференция соңында бірқатар ардагерлер алғыс хаттармен және ұйымның құрмет белгілерімен марапатталды.

**Сембек АБДРАХМАНОВ**

# «ТЕГЕУРІНДІ ТЕМІРҒАЛИ - ЖЫР ЖАМПОЗЫ»

***Қазақ халқының рухани қазынасында жыршылық пен термешілік өнердің алар орны ерекше. Сол асыл мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген дара тұлғалардың бірі – Темірғали Рүстембеков. Биыл ақынның туғанына 120 жыл толуына орай Талдықорғанда «Ұлттық өнерді ұлықтайық» атты іс-шара өтті.***




Өнер мектебінде өткізілген «Тегеурінді Темірғали» атты жыршы-термешілер семинары ақынның артында қалған мол мұрасын жаңғыртып, кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат етті.

Шара барысында алып тұлғаның жыр, термелерін жас өнерпаздар мен білікті мәдениет мамандары көрермен алдында шырқады. Ақынның шығармашылығында ел бірлігі, адамгершілік, имандылық, еңбекқорлық секілді құндылықтар кеңінен көрініс тапқан. Оның термелері тыңдаушыны ойға жетелеп, тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, жиын барысында әкесі жайлы құнды естеліктерімен бөліскен ақынның қызы Күнсая Оспановаға құрмет көрсетіліп, шапан жабылды.

**Ақбота ҚАЙРАТ,**
**ЖУ студенті**

# НЕЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БЮДЖЕТНЫХ РАСХОДОВ В ЖИВОТНОВОДСТВЕ



***Касым-Жомарт Токаев принял председателя Агентства по финансовому мониторингу Жаната Элиманова. Президент заслушал отчет об основных итогах деятельности Агентства и задачах на предстоящий период – сообщает Акорда.***

Как сообщил Жанат Элиманов, по линии мониторинга бюджетных расходов обнаружены риски неэффективного использования субсидий в сфере животноводства на 30 млрд. тенге. Установлены признаки растраты более 10 млрд тенге, выделенных в виде грантов на научные исследования и коммерциализацию результатов научно-технической деятельности. Начато 14 досудебных расследований по фактам хищения средств ОСМС, также расследуется 21 уголовное дело по признакам хищения 5,3 млрд тенге при строительстве.Главе государства было доложено, что в сфере противодействия мошенничеству ликвидировано 17 финансовых пирамид, изобличена деятельность группы, осуществлявшей массовую фишинговую SMS-рассылку с использованием специального оборудования от имени банков и операторов связи. Закрыто 3,7 тысячи мошеннических сайтов и 22 групповых чата с общей аудиторией более 25 тыс. человек. Пресечено незаконное получение лицензий первой категории более 400 номинальным строительным фирмам. Отдельно были представлены сведения о борьбе с отмыванием преступных доходов. По итогам встречи Глава государства дал ряд поручений по ключевым направлениям деятельности Агентства.

# В КАЗАХСТАНЕ УМЕНЬШАТ АППАРАТ УПРАВЛЕНИЯ В ГОСОРГАНИЗАЦИЯХ

***В Казахстане ввели новые нормативы, регламентирующие предельное количество сотрудников в административно-управленческом звене государственных организаций. Эти меры призваны улучшить организационную структуру и повысить производительность учреждений, сообщает PRG.Zanger.***



Нормативы по численности административно-управленческого персонала(АУП) устанавливаются дифференцированно: для учреждений, где общее число сотрудников не превышает 60 человек, доля управленцев не должна выходить за пределы 25%; для организаций с более чем 60 работниками этот показатель ограничен 15%.Эксперты полагают, что такой подход позволит уменьшить бюрократическую нагрузку и направить высвободившиеся средства на нужды основного производственного персонала.

Обновленные правила закреплены приказом Министра труда и социальной защиты населения РК от 16 марта 2026 года под номером 91, и они вступают в силу с 17 апреля 2026 года.

# ПОБЕРЕЖЬЯ БАЛХАШ ВЫСТАВЛЕНЫ НА АУКЦИОН ДЛЯ ИНВЕСТОРОВ



***В области Жетісу земельные участки, расположенные на побережье Балхаша, выставлены на открытый аукцион для инвесторов. Это один из конкретных шагов, направленных на развитие побережья, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***

Ранее был разработан Генеральный план и Проект детального планирования прибрежной зоны Балхаша, в рамках которых проведены работы по обеспечению необходимой инженерной инфраструктурой. В частности, дорога от города Талдыкоргана до Балхаша была заасфальтирована, проложены все необходимые инженерные сети – водоснабжение, электроснабжение и канализация. Сейчас местные власти ведут работу по привлечению инвесторов для строительства современных зон отдыха.Отметим, что купальный сезон на озере Балхаш длится с 1 июня по 1 сентября, то возможность принимать туристов есть в течение всего лета. Береговая зона отлично подходит для пляжного отдыха, водных видов спорта и рыбалки. В настоящее время количество туристов за сезон достигает 50 000 человек, а в будущем этот показатель имеет потенциал увеличиться до 500 000 человек.

**АКСУСКИЙ РАЙОН**

# ТРАССА «ОЙТОГАН – АКСУ» СНОВА ПОКРЫЛАСЬ ЯМАМИ

***Как передает корреспондент агентства Kazinform, жители Аксуского района области Жетысу жалуются на критическое состояние дороги областного значения Ойтоган – Аксу, которая находится в неудовлетворительном состоянии уже не менее 7–8 лет.***



Ответственная служба за дороги района сообщила, что текущий ремонт дороги Ойтоган-Аксу запланирован после запуска асфальтобетонного завода, ориентировочно с 20 апреля. Однако, как отмечают сами жители, ямочный ремонт не способен решить проблему полностью, поскольку дорога эта требует уже капитального ремонта. Следует отметить, что в последнее время жители страны стали чаще жаловаться на качество дорог. Их, число стало больше в 1,5 раза. С начала 2026 года поступило порядка 7,5 тыс. жалоб на плохие дороги.

# ГЕННАДИЮ ГОЛОВКИНУ ВРУЧИЛИ ОРДЕН



***Президент Международной федерации бокса и Национального олимпийского комитета РК Геннадий Головкин находится в Монголии, передает Ulysmedia.kz.***

По приглашению монгольских коллег, Головкин посетил арену АСА, где проходит континентальное первенство по боксу, а также Olympic house. Стороны договорились подписать соглашение об углублении сотрудничества между Национальными Олимпийскими комитетами Казахстана и Монголии. - То, что бывшие боксёры занимают руководящие должности в национальных олимпийских комитетах Казахстана и Монголии, - это вопрос престижа. Благодарю за высокий уровень организации чемпионата Азии по боксу в Улан-Баторе. Мы всегда открыты к сотрудничеству, - сказал Головкин. Ему вручили орден «Алтан-Очир» НОК Монголии за вклад в сохранение бокса в олимпийской программе и развитие спортивных связей между странами. Ранее Головкин сделал заявление о мировом триумфе казахстанского спортсмена.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### КАЗАХСТАН ОТКАЗАЛСЯ ОТ ВОЕННОГО ПАРАДА В ЧЕСТЬ ДНЯ ПОБЕДЫ

В Министерстве обороны Казахстана сообщили, что в этом году военный парад не состоится, передает ИА «NewTimes.kz».

«Проведение парада в этом году не запланировано», — сообщили в ведомстве. Вместо этого по всей стране пройдут военно-патриотические и памятные мероприятия. В их числе — уроки мужества, чествование лучших военнослужащих и ветеранов, экологические акции. Кроме того, предусмотрены шествия военных оркестров, выступления творческих коллективов, выставки военной техники и вооружения, акция солдатская каша, дни открытых дверей.

Казахстан не первый год отказывается от проведения парада Победы. В разные годы власти объясняли это экономией бюджетных средств и необходимостью направить ресурсы на более приоритетные задачи. В 2020 и 2021 годах парад не проводился из-за пандемии COVID-19 и действующих ограничений. В прошлом году парад всё же состоялся в Астане. На это было потрачено 2,5 млрд тенге. 9 мая — главный праздник в России с 1991 года. С определенного времени он воспринимается за пределами России как орудие пропаганды Кремля для продвижения милитаристских и других нарративов.

### В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕНИЛИ ОЦЕНКУ ЗНАНИЙ ПЕДАГОГОВ (ОЗП)

Об этом важном решении объявила министр просвещения РК Жулдыз Сулейменова, сообщает Zakon.kz.По ее словам, такое решение принято по поручению президента.В комментариях под публикацией она добавила, что портфолио и авторские программы тоже подлежат отмене. Большинство учителей, прокомментировавших пост министра, поддержали решение об отмене ОЗП.

### ДЕКРИМИНАЛИЗАЦИЯ СТАТЬИ О РАСПРОСТРАНЕНИИ ЛОЖНОЙ ИНФОРМАЦИИ

Первый вице-министр культуры и информации Канат Искаков прокомментировал возможность смягчить наказание статьи 274 Уголовного кодекса РК «Распространение заведомо ложной информации», передает корреспондент агентства Kazinform.

Статья 274 УК РК предусматривает ответственность за распространение заведомо ложной информации, которая может нарушить общественный порядок или причинить существенный вред правам граждан, организаций либо интересам государства.За такие действия предусмотрены штрафы, общественные или исправительные работы, ограничение свободы либо лишение свободы сроком до одного года. Если деяние совершено с использованием СМИ или повлекло крупный ущерб либо тяжкие последствия, а также с учетом других пунктов, максимальное наказание достигает семи лет лишения свободы. Ранее в министерстве прокомментировали предложения о запрете религиозной пропаганды.

### ПРЕДЛАГАЮТ ВВЕСТИ НАЛОГ ДЛЯ ВЛАДЕЛЬЦЕВ СОБАК

В Казахстане могут рассмотреть введение налога на содержание собак по примеру ряда европейских стран, передает корреспондент агентства Kazinform.

Вице-министр нацэкономики Бауыржан Омарбеков заявил, что ведомство готово рассмотреть данный вопрос ко второму чтению законопроекта. В свою очередь, вице-министр финансов Асет Турысов отметил, что сегодня действует система учета домашних животных, в которой зарегистрировано около 241 тысячи питомцев. Если налог будет предложен депутатами,это будет изучено всесторонне – добавил вице-министр финансов.

### ЗАДЕРЖАНЫ ДВОЕ

В Талдыкоргане пресечена серия вымогательств с оформлением микрозаймов. Задержаны двое подозреваемых, передает NUR.KZ со ссылкой на Polisia.kz.

Как сообщается на информационном медиапортале МВД, двое 19-летних жителей города подозреваются в том, что под угрозами насилия вынуждали знакомых оформлять на себя микрозаймы. «Преступная схема действовала с осени 2024 года. Жертвы оформляли кредиты, а полученные средства передавали злоумышленникам», - рассказали в ведомстве. По данным следствия, пострадали 6 человек. Общий ущерб составил более 2 млн тенге. В настоящее время подозреваемые арестованы. Уголовное дело направлено в суд.

### ПРИЗНАНИЕ В ЛЮБВИ НА СЦЕНЕ

Поклонник признался в любви Макпал Жунусовой прямо на сцене во время концерта в Актау. Мужчина оказался ровесником певицы. На сольном концерте Народной артистки, певицы Макпал Жунусовой в Мангистау произошел курьезный случай, сообщает Qaz365.kz.

Во время концерта в Актау один из зрителей вышел на сцену и признался ей в любви прямо на сцене. «Я всегда мечтал увидеть тебя вживую. Я влюблен в тебя», – выразил свои чувства мужчина. На сцене он пригласил Макпал Жунусову на танец. Однако певица отклонила его предложение.

**(Все материалы взяты из открытых источников)**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 13 (1276) 10.04.2026 Алатау

**Өткен жылдың осы мезгілінде біршама азық-түлік бағасы қымбаттаған еді. Дәл сол уақытта базар мен дүкен сөрелеріндегі баға шарықтап, әсіресе қарапайым халықтың күнделікті тұтынатын өнімі – картоптың құны 500 теңгеге дейін жеткені есімізде. Биыл да жұртшылықты «тағы сол жағдай қайталана ма?» деген сауал алаңдатқаны рас.**

# БИЫЛ КАРТОП ҚАНША ТЕҢГЕ?



Осы сұраққа жауап іздеп, базар мен сауда орындарын аралап көрдік. Байқағанымыз – жағдай біршама тұрақталған екен. Қазіргі таңда картоп базарларда 250–280 теңге аралығында сатылып жатыр. Ал дүкен сөрелерінде баға сәл жоғары – 300–330 теңге шамасында. Дегенмен бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен.

Бағаның бұлай қалыпты деңгейде сақталуы кездейсоқ емес. Саралап қарасақ, басты себеп – өңірдегі өнім қорының жеткілікті болуы шығар деп ойладық. Қоймаларда картоп бар кезде, нарықта дүрбелең болмайды, баға да негізсіз көтерілмейді ғой.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шампиковтан қоймадағы картоптың қазіргі деңгейі қандай екенін сұрап көрдік. Оның айтуынша, қазіргі таңда 2,1 мың тонна картоп тұқымдыққа дайын тұр. Бұдан бөлек, шамамен 600 тонна картоп сатуға сақталған. Яғни, нарықта тапшылық жоқ.

Алдағы маусымға қатысты жоспар да айқын екен. Биыл облыста 6617 гектар жерге картоп егіледі деп жоспарланып отыр. Маманның болжамынша, нәтижесінде 170 мың тоннаға жуық өнім алынуы мүмкін.

– Жаңа маусым басталып жатқандықтан, қоймадағы өнім көлемі азайған. Өнім көлемі артқан сайын баға тұрақтылығы да сақталады. Бұл – ең алдымен қарапайым халық үшін маңызды. Себебі күнделікті ас мәзірінен орын алатын картоптың қолжетімді болуы әр отбасының тұрмысына тікелей әсер етеді.

Баға жағынан айтар болсақ, біз жеке азаматтардың өнімдерін қаншадан сатып жатқанын бақылай алмаймыз. Сондықтан ауылшаруашылық өнімдерінің арзан немесе қымбат болуын әр сатушының ойына келген бағаны айтуынан туындайды деп ойлаймыз. Енді өзге елдерден әкелінетін картоптың бағасы қандай болатынын білмейміз,- дегенді айтты басқарма маманы.

Қорыта айтқанда, биылғы жағдай өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда көңілге қонымды. Баға бақылауда, өнім қоры жеткілікті, ал алдағы жоспарлар үміт күттіреді. Ең бастысы халықты алаңдатқан қымбатшылық қайталанбайды деген үмітіміз бар.

**Гүлнұр БАЙМҰХАН**

# САЛЫҚ БЕРЕШЕГІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

**2026 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген өзгерістер салықтық берешектің алдын алуға және оны уақтылы өндіріп алуға бағытталған.**




Енгізілген өзгерістерге сәйкес, салық берешегі белгіленген шекті мөлшерден асқан жағдайда салық төлеушілерге қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары кезең-кезеңімен қолданылады.

Шекті мөлшерлер

Егер салық берешегі 20 АЕК-тен (86 500 теңге) асса:

- Салық кодексінің 86-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операциялары тоқтатылады.
- 185-бапқа сәйкес берешек банктік шоттардағы ақша қаражаты есебінен өндіріп алынады.

Егер салық берешегі 45 АЕК-тен (194 625 теңге) асса:

- Салық кодексінің 87-бабына сәйкес салық төлеушінің мүлкіне шектеу қойылады.
- 186-бапқа сәйкес берешек дебиторлық берешек есебінен өндіріп алынады.
- 187-бапқа сәйкес берешек билік етуі шектелген мүлікті өткізу арқылы өндіріп алынады.

Бұл шаралар:
- салық берешегінің алдын алуға
- бюджетке түсімдерді уақытылы қамтамасыз етуге
- салық тәртібін нығайтуға бағытталған.

**Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік Кірістер Департаменті**

САҚ БОЛАЙЫҚ!

# СІЗДІҢ АТЫҢЫЗҒА НЕСИЕ РӘСІМДЕЛСЕ...

**ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА АЛАЯҚТЫҚ ӘРЕКЕТТЕР БҰРЫНҒЫДАН ӘЛДЕҚАЙДА КҮРДЕЛЕНІП, ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ. ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫ АДАМДАРҒА ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ СЫЙЛАҒАНЫМЕН, ОНЫ ТЕРІС МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНАТЫНДАРДЫҢ ДА КӨБЕЙГЕНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА АЛАЯҚТАР ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР ЖИІ АЙТЫЛЫП ЖАТАДЫ. СОҒАН ҚАРАМАСТАН, КӨПШІЛІГІМІЗ «МЕНІ АЛДАЙ АЛМАЙДЫ» ДЕГЕН ОЙМЕН САҚТЫҚТЫ ЕКІНШІ ОРЫНҒА ҚОЯМЫЗ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ДӘЛ ОСЫ НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ КЕЙДЕ ҮЛКЕН ҚИЫНДЫҚҚА АЛЫП КЕЛЕДІ.**



Бұл жағдай менің де басымнан өтті. Бұрын алаяқтардың түрлі тәсілдері туралы естігеніммен, өзім мұндай жағдайға тап боламын деп ойламаған едім. Барлығы аяқ астынан басталды.

Бір күні маған бейтаныс нөмірден қоңырау келіп, «поштаға тапсырысыңыз келді» деген желеумен сөйлесті. Әңгіме барысында олар маған SMS арқылы келген кодты айтуымды сұрады. Бұл әрекеттің артында қандай қауіп тұрғанын аңғармай, 1414 нөмірінен келген төрт таңбалы кодты ойланбастан айтып қойдым. Сол сәтте мен үшін үлкен мәселенің басталғанын білмедім.

Арада көп уақыт өтпей жатып, WhatsApp желісі арқылы өзін банк қызметкері ретінде таныстырған адам хабарласты. Ол менің атымнан ірі көлемде несие рәсімделгенін айтып, жағдайды тез арада реттеу қажет екенін жеткізді. Оның дауысы сенімді, сөйлеу мәнері ресми болғандықтан, айтқандарына күмән келтірмедім. Тіпті «қызметтік құжатын» да көрсетіп, сенімге толықтай кірді.

Алаяқтардың басты қаруы – адамның психологиясы екен. Күтпеген ақпарат естігенде, әсіресе қаржыға қатысты мәселе туындағанда адам абдырап, асығыс шешім қабылдайды. Мен де дәл сондай күйде болдым. «Қалайша менің атымнан несие рәсімделді?» деген ой маза бермей, олардың нұсқауларын орындауға кірістім.

Көп ұзамай олар «несиені жабу процесі жүріп жатыр» деп сендірді. Кейін есепшотыма белгілі бір қаражат түсетінін, оны басқа шотқа аудару қажет екенін айтты. Барлығы жүйелі, нақты әрі сенімді көрінді. Тіпті жіберілген түбіртектер мен хабарламалар да күмән туғызбады. Осылайша, мен олардың айтқандарын толық орындап шықтым.

Әңгіме соңында «мәселе шешілді» деген хабарды естігенде, көңілім орнына түскендей болды. Алайда бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Кешке қарай банк қосымшасын тексергенімде, күмәнді операцияларды байқап, жағдайдың мүлде басқа екенін түсіндім. Сол кезде ғана алаяқтардың құрбаны болғанымды анық аңғардым.

Кейін дереу банкке және тиісті органдарға жүгіндім. Маған бұл іспен киберполиция айналысатыны айтылды. Алайда мұндай жағдайлардың тез шешіле қоймайтынын сол кезде білдім. Қазіргі таңда да құжат жинап, өзімнің кінәсіз екенімді дәлелдеумен айналысып жүрмін. Бұл тек қаржылық емес, моральдық тұрғыдан да ауыр жағдай болды.

Бұл оқиға маған үлкен сабақ берді. Бүгінде алаяқтар қарапайым адамдардың сенімін пайдаланып қана қоймай, олардың эмоциясына әсер етіп, қысым арқылы әрекет еткізеді. Сондықтан әрбір адам



барынша мұқият болғаны жөн.

Мамандар мынадай қарапайым, бірақ маңызды ережелерді ұсынады:

– Ешқашан SMS арқылы келген кодты, жеке деректерді немесе банк мәліметтерін бөгде адамдарға бермеу;

– Өзін банк қызметкері ретінде таныстырған адамдарға бірден сенбеу, себебі банк қызметкерлері мессенджер арқылы байланысқа шықпайды;

– Күмәнді қоңыраулар мен хабарламаларды міндетті түрде ресми дереккөздер арқылы тексеру;

– Белгісіз немесе күмәнді ақша түссе, оны ешкімнің айтуымен басқа шотқа аудармау.

Соңғы уақытта «дропперлік» деп аталатын алаяқтық түрі де жиілеп кетті. Мұндай жағдайда сіздің есепшотыңызға бөтен адам ақша аударып, кейін оны қайтаруды сұрайды. Егер сіз бұл ақшаны басқа біреуге аударсаңыз, байқамай заңсыз әрекетке араласуыңыз мүмкін. Сондықтан мұндай кезде асықпай, банкке немесе құқық қорғау органдарына хабарласқан дұрыс.

**Қорытындылай келе, бүгінгі таңда сақтық – әрбір адамның жеке жауапкершілігі. Бір ғана ойланбай жасалған әрекет үлкен мәселеге әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір қоңырау мен хабарламаға сын көзбен қарап, жеке мәліметтерді қорғауға аса мұқият болған жөн. Себебі бір сәттік сенімнің құны кейде тым қымбатқа түсуі мүмкін.**

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

# БІЛІММЕН БИІКТЕГЕН, ҒЫЛЫММЕН ШЫҢДАЛҒАН БЕЛЕС

***Адам баласы өмір жолының белгілі бір белесіне жеткенде өткеніне көз жүгіртіп, атқарған ісіне баға беруге талпынады. «Не тындырдым? Соңымнан қандай із қалдырдым?» деген сауал әркімнің көкейінде тұратыны анық. Әсіресе, ел игілігі жолында еңбек еткен жандар үшін бұл – үлкен жауапкершілік пен терең толғаныстың сәті.***



Осындай биік белестің бірі ретінде мерейлі 60 жасты да қосса болады. Бұл уақыт аралығы – саналы ғұмырдың, қажырлы еңбектің, толайым тәжірибенің көрсеткіші. Әсіресе ұстаздық жолды таңдаған жан үшін бұл меженің маңызы тіптен ерекше. Бүгінгі мақаламызды маңызы басым қос саланы қатар алып жүрген көрнекті ғалым, білікті ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Меңдігүл Шыңдалиеваның мерейлі 60 жылдық мерейтойына арнаймыз.

Ұстаз болу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін, жүрек қалауын қажет ететін қасиетті мамандық. Ол шәкіртке білім ғана емес, бағыт-бағдар беретін, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын тұлға. Журналистика саласы да дәл осындай жауапкершілікті талап етеді. Қоғамның айнасы саналатын бұл мамандықта шынайылық пен шеберлік қатар жүреді. Ақпарат таратушы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы журналистерді тәрбиелеудің өзі үлкен миссия.

Меңдігүл Бұрханқызы – ұзақ жылдар бойы болашақ журналистерді даярлап, еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі педагог. Ол журналистика теориясы, публицистика жанрлары, шеберлік мәселелері және шетел журналистикасы бағытында іргелі ғылыми еңбектер жазып, оқу үдерісіне сүбелі үлес қосып келеді.

Білікті маманның ғылыми ізденістері журналистік білім беру, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының даму ерекшеліктері мен публицистикалық шеберлік мәселелерін қамтиды. Оның «Публицистика жанрлары мен пішіндері» атты еңбегі – журналистика саласындағы маңызды зерттеулердің бірі. Кітапта публицистикалық жанрлардың табиғаты, олардың ерекшеліктері мен құрылымы терең талданған. Шын мәнінде, журналист пен жазушыны жақындастырып тұрған ортақ нәрсе – сөз қауқарын білу, қоғаммен тілдесу, уақыттың үнін жеткізу. Алайда журналистиканың өзіндік бет-бейнесін айқындайтын басты өлшем – жанр. Жанр мәтіннің құрылымын ғана емес, оның мақсатын, бағытын, қоғамға әсер ету тәсілін анықтайды. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда жанр мәселесін үстірт қабылдау, оларды шатастыру немесе талаптарын толық меңгермеу құбылысы жиі байқалады. Әсіресе студенттер мен жас журналистер үшін жанрды меңгеру кәсіби қалыптасудағы маңызды кезең.

Осы тұрғыдан алғанда, Меңдігүл Шындалиеваның еңбегі – теориялық қана емес, тәжірибелік маңызы бар оқу құралы деп айтар едім. Автор жанрлардың пішіні мен функциясын жүйелі түрде талдап, олардың бір-бірінен айырмасын нақтылап береді. Бұл кітап болашақ журналистерге мәтін жазу мәдениетін қалыптастыруға, жанр табиғатын дұрыс түсінуге және кәсіби ойлау жүйесін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан аталған еңбек журналистика саласында білім алып жүрген студенттер үшін сенімді бағыт-бағдар беретін маңызды құрал деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ журналистикасының теориялық кеңістігінде жанр мәселесі әр кезеңде сөз болғанымен, оны пішін мен функция негізінде, тарихи сабақтастық пен заманауи талаптың өзгерісі тұрғысынан кешенді қарастырған еңбектер саусақпен санарлық. Осы жағынан қарағанда Меңдігүл Шындалиеваның «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» атты студенттерге арналған оқу құралы – журналистика теориясының жүйелі қалыптасуына ықпал еткен іргелі зерттеу жұмысы деген пайым айтуға болады.

Себебі оқулық БАҚ өкілдері, тіл жанашырлары үшін ең алдымен жанр ұғымының кәсіби мәнін қайта жаңғыртуымен құнды. Туынды авторы кітапта жанрды жай ғана мәтін түрі емес, журналистік шеберліктің табиғи көрінісі ретінде анықтайды. Оған кітаптан алынған: «Жанр дегеніміз – журналистік шеберліктің, журналистің айтар ойын өз оқырманына жеткізе білуінің табиғи пішіні», - деген дәйексөзі дәлел. Бұл анықтаманың өзінде терең кәсіби философия жатыр. Жанр – тек жазба жұмыстың көлеміне байланысты ғана таңдалмағанын кітапта жақсы жеткізген. Ол қаламгердің ойлау мәдениеті, материалды оқыған оқырманның түйсігіне жету және оның мазмұнын ашық ұсынуға байланысты маңызды құрал ретінде қолданылатынын студенттерге көп мысалдар арқылы түсіндірген.

Әріптес ұстаздың көп жылдық еңбегі бірнеше мәрте лайықты бағасын да алған. Ол 2011 жылы «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болса, 2012 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанған.

Алайда ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкірт жетістігі емес пе? Меңдігүл Бұрханқызы тәрбиелеген талай түлек бүгінде еліміздің ақпарат кеңістігінде абыроймен еңбек етіп, кәсіби журналист ретінде танылып жүр. Ұстаз әр студенттің бойындағы ұшқынды байқап, оны үлкен мақсаттарға жетелеуді басты міндет санайды.

Аталған мерейтой ізгі жанның өмір жолындағы жеке жетістіктерінің ғана емес, кейінгі буынға қалдырған өнегенің айғағы болып тұр. Саналы ғұмырында білім мен ғылымға адал қызмет етудің жарқын үлгісі болған Меңдігүл Шыңдалиеваны төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт пен толағай табыс тілейміз. Сіздің шәкірттеріңіз әрдайым ел игілігі жолында еңбек етіп, журналистика саласының мәртебесін биіктете беретініне сенім мол.

**Бибігүл КАРИМОВА**

---

**ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР!**

# ӨТКЕНІН ЕСІНЕ АЛҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ БАР...



«Тәуелсіз Қазақстанның Халық Батырлары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, республикалық қоғамдық-патриоттық журналының кеңес төрағасы, Ауған соғысының ардагері, Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдында «Халық Батырлары» мен «Еңбек Ерлерінің» қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмыстары жөнінде баяндама жасады. Кездесуде бірлестіктің қолдауымен республикадағы «Халық Қаһармандары» мен «Еңбек Ерлері» жиында жастарды Отанын, елін, жерін қорғауға тәрбиелеудегі әскери шенді АӘД пәні оқытушыларының ерекше жетістіктері айтылды. Республикаға танымал «Арыстан» лицейіндегі әскери курсанттардың халықаралық деңгейіндегі оқуда, спорттағы жеткен жетістіктері көрсетіліп, лицейдің оқу, жатын орындары мен спорт алаңын таныстырды.

Еліміз егемендік алған күннен бастап «Халық Қаһарманы» атағын алғандар саны - 34, «Еңбек Ері» атағын алғандар саны - 48, барлығы - 82 болса, қазіргі таңда 48 ардагер арамызда бар. Соның 25-тен көбі Алматы қаласында өткен жиынға келіп қатысты. 2024 жылы 28-29 қарашасында Алматы қаласында «Тәуелсіз Қазақстанның Халық Батырлары» республикалық қоғамдық бірлестігінің III конференциясы өткен. Конференцияға «Халық Қаһармандары» мен «Еңбек Ерлерімен» бірге шақырумен Еңбекшіқазақ ауданы атынан менде қатыстым. Конференция жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және ел қорғаушыларын насихаттау мақсатында өткізілді. Алғашқы күні Панфиловшылар саябағында басталып, Кеңес Одағының Батыры, «Халық Қаһарманы», ел мақтанышы Б. Момышұлының ескерткішіне, мәңгілік алауға және Ауған соғысы ардагерлерінің ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға қатысқан «Халық Қаһармандары», «Халық Батырлары» генерал-полковник С Тоқпақбаев, генерал-лейтенант Б. Ертаев, запастағы подполковник А. Жұмадилов, «Еңбек Ерлері» А. Миразова, Г. Нұрпейісова, Олимпиада чемпионы Е. Ибраимов сынды азаматтар жас буынмен жүздесті. Қоғамда батырлықтың, адалдықтың, елге қызмет етудің маңызын жеткізе отырып, жас ұрпақты жігерлендірді.

Басқосу Алматының білім ордаларында мазмұнды кездесулермен жалғасын тапты. Конференция делегациясы № 178 мамандырылған лицейіне барып, оқушылардың оқу жетістіктерімен танысты. Конференцияда Ауған соғысы ардагері мектебіміздің түлегі болған А.Н. Бубенцов атындағы орта мектебінде өткізілген іс-шара, кездесу-жиындар арқылы республикаға танылған мектебім туралы баяндадым. Елімізде 14 мектеп Ауған соғысы ардагерлерінің атымен аталады. Аудандағы қорғаныс істер, оқу бөлімінің бірлескен бұйрығымен 1997 жылдан бастап Ащыбұлақ ауылындағы Ауған соғысының ардагері интернатционалист жауынгер А.Н. Бубенцов атындағы орта мектепте жоғарғы санатты АӘД, технология, авто ісі пәндерін оқытушы ұстаз болып көп жыл істедім. 2013 жылы пенсияға шығып, оқу ордаларының директорлары шақырғасын 2019 жылға дейін қызмет еттім. Жалпы еңбек өтілім 51 жыл.

Алматы қаласындағы «Ардагер» республикалық қоғамдық одағы төрағасы, подполковник С. К. Баймолдиновтың ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагерлері жыл сайын 20-30-дан мектепке келіп, кездесу-жиынға қатысты. Жалпы 150-ден аса Ауған соғысы ардагерлері жылда кездесулерге келеді. Жиыннан кейін түрлі облыс, аудандардан келген оқушылар үшін мектептің спорт залында бокс, күрестен жарыс өткізуді дәстүрге айналдырдық.

2025 жылы өзім істеген Еңбекшіқазақ ауданындағы оқу мекемелерінде, ауылдық әкімдік округтерде, мәдениет үйлерінде өткен іс-шараларға жоғарыда аталып кеткен үлкен тұлғаларды шақырдым. Аудан, ауыл ақсақалдары, ұстаздар мен жастар қатысқан кездесулеріміз газет-журналға шықты. ҚР-дағы Қорғаныс, Оқу, Төтенше министрінің 2006 жылы бірінші рет ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы Б. Момышұлы атындағы әскери мектебінде алғашқы әскери дайындық (АӘД) пәні



оқытушыларына арналған республикалық семинарға қатыстым. Кейін де оқушыларымды Б. Ертаевпен кездесуге Алматы қаласына апарып, түрлі жиынға қатысқанбыз.

28 жыл Еңбекшіқазақ ауданында істеп, 320-дан аса республикаға танымал ардагерлерді шақырып, ауданда, ауылда кездесу-жиын өткіздім. Қорыта айтқанда, «Тәуелсіз Қазақстанның Халық Батырлары» қоғамдық бірлестігі еліміздің жастарына әскери патриоттық тәрбие беріп, ұлттық рухты көтеруде және батырларымыздың ерлігін дәріптеуде маңызды жиындарда белсенді қатысып келеді.

**Әсет АЛЖАНБАЙ,**
**Ардагер ұстаз,**
**запастағы капитан**
**Еңбекшіқазақ ауданы**

---

# АЩЫБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ӨТКЕН ҰЛЫ МЕРЕКЕ

***АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ ҚАЗАҚСТАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ САЯТ АЛДИБЕКОВТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖӘНЕ ӘКІМ АППАРАТЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН Ж. ҚАЙЫПОВ, ҚАЗАҚСТАН, АЩЫБҰЛАҚ АУЫЛДАРЫ БІРАУЫЗДАН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН АЩЫБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ӨТКІЗУДІ ҚОЛДАДЫ.***



Қазақстан округіндегі үш орта мектептің директорлары бастаған ұстаздар қауымы, ауыл ақсақалдары, ауыл азаматтары мен үш ауылдың тұрғындары да жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша, күн мен түннің теңелген күні - Наурыз мерекесін, яғни жаңа жылды қарсы алуға белсене қатысты. Басқа жаққа қоныс аударған, қызмет бабымен жүрген туған-туыс, мектеп бітірген түлектер келіп, бір-бірімен көрісіп, тамаша кездесу болды. Ащыбұлақ ауылындағы орталық балаларға арналған саябақта салтанатты жиын өтті. Бағдарлама бойынша бірінші сөз алған әкім, қоғам белсенділері, ауыл ақсақалдары мен әйелдер кеңесінің төрайымы және жастар да жүрекжарды жақсы тілек сөздерін айтып, қатысқандарды бір серпілтті. Салтанатты жиында ән айтылып, күмбірлеген күй тартылып, ел-жұртқа тамаша көңіл күй сыйлады.

8 киіз үйі тігіліп, қазақтың ою-өрнегі жарасқан киімдерін киген ауыл ақсақалдары бастаған үш ауылдың тұрғындары мен оқушы жастар көктемнің шуақты күнімен бірге мерекені жақсы қарсы алды. 1988 жылдан бастап тойлана бастаған қазақтың бір жылда бір айналып келетін наурыз мерекесіне ақсақалдар бата берді, қонақтарға ақ дастарқан жайылып, наурыз көже таратылды.

Үш ауылдың тұрғындары орталық саябақта кездесіп, бір серпіліп, ортақ әңгімелерін айтып, мәре-сәре болды. Түстен кейін ауылдағы спортпен айналысатын белсенді жастар арқан тарту, күрес, гір көтеру, асық ату, тағы басқа спорт жарыстарын жалғастырды. Округ әкімі бастаған ауыл ақсақалдары жеңімпаздарды бағалы сыйлық және «Алғыс хатпен» марапаттады.

**Әсет АЛЖАНБАЙ,**
**Қоғам белсендісі**
**Ащыбұлақ ауылы**

## Дүйсенбі - Понедельник, 13 сәуір

### ХАБАР

05.00, 01.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 «Әлеумет»
09.30 «Көзқарас»
10.00, 23.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12.00 «Cover show»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
14.50 Мультсериал «Барбоски- Ны»
15.00 Худ. фильм «Мне бы в небо»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Худ. фильм «Представь себе»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.45 «Пусть говорят»
13.20 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
14.20 «Новости»
14.30 «Qoslike »
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Ментовские воины-9»
00.40 «Главные новости»
01.05 Сериал «Ученица Мессинга»
03.30 «Koremiz-шоу»
04.15 «Паутина»
03.00 «Басты жаңалықтар»

### КТК

08.10 «Желаладдин»
09.20 Худ. фильм «Брат или брак-3»
12.40 Сериал «Кольцо с рубином»
16.40 Сериал
18.30 Сериал «Однажды В Чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «клан ювелиров»
23.40 сериал «тверская»
01.40 сериал «дворняжка
03.10 «Желаладдин»
04.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.30 «Ктк қоржыны»
05.30 «Әнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт уяты»
10.00 «Угәгәй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.30 Д/ф «Travel Kazakhstan»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Апорт»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00, 01.20 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09.50 Мультсериал «Губка Боб»
11.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12.40 Худ. фильм «Шопокоп»
14.40 Худ. фильм «Крепкий орешек-2»
17.30 Худ. фильм «Ударная волна: битва за Гонконг»
21.00 Худ. фильм «Крепкий орешек-3»
23.40 «Бозторғай» телехикаясы
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын- сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Өсекшілер»
07.00,22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
08.40 Телехикая «Әмірші әйел»
10.00 золотая коллекция
11.00, 20.00 Сериал «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Телехикая «Құтқару қызметі»
14.40 Сериал «Пока станица спит»
15.40 Сериал «Императрица Ки»
17.00, 18.30 Телесериал
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
23.20 Әзілің жарасса
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.50, 05.20 Новости
02.20 Телехикая «Бастық боламын»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.40 Жұлдызды шаңырақта
04.20 Япырай

**Утерянный ИБР Азербайджан № 2234464 выданный ТОО «AGYM TEADE» БИН 240440040755 считать недействительным.**

## Сейсенбі - Вторник, 14 сәуір

### ХАБАР

05.00, 01.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 «Неосеть»
09.30 Мировые новости
09.45 Әлем жаңалықтары
10.00, 23.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12.00 Телехикая «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.00 Худ. фильм «Мужчины, женщины и дети»
17.00 Сериал «Мечта эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Худ. фильм «Страшно красив»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы Таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе Утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Сериал «Крестный»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiз-Шоу»
14.30 «Qoslike»
20.00 «Главные новости»
20.30 Худ. фильм «мой ва близкий враг»
00.40 «Главные новости»
01.15 Сериал «ученица мессинга»
03.15 «Басты жаңалықтар»
03.40 «Koremiz-шоу»
04.25 «Паутина»

### КТК

07.25 «Әнім сен едің», ойын- сауық
07.05 кешкі жаңалықтар
08.10 «джелаладдин»
09.30 вечерние новости
10.10 сериал «тверская»
12.10 сериал «клан ювелиров»
14.10 сериал «кольцо с рубином»
16.40 сериал «джамайка»
18.30 сериал «однажды в чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «клан ювелиров»
23.40 сериал «тверская»
01.40 сериал «джамайка»
03.10 «джелаладдин»
04.10 кешкі жаңалықтар
04.30 «ктк қоржыны»
05.30 «әнім сен едің»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 К/ф «Соңғы кездесу»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Доступ есть?»
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Доступ есть?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00.01.20 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09.50 Мультсериал «Губка Боб»
10.50 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12.30 Худ. фильм «Толстяк против всех»
14.30 Худ. фильм «Крепкий орешек-3: возмездие»
17.20 Худ. фильм «Звездный десант»
21.00 Худ. фильм «Крепкий орешек-4»
23.40 «Бозторғай» телехикаясы.
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Әмірші әйел»
10.00 «Золотая коллекция «союзмультфильм»
11.00, 20.00 Сериал «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Телехикая «Құтқару қызметі»
14.40 Сериал «Пока Станица спит»
15.40 Сериал «Императрица Ки»
17.00, 18.30 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости.
23.20 Әзілің жарасса
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.50, 05.20 Новости
02.20 Телехикая «Бастық боламын»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.40 Жұлдызды шаңырақта
04.20 Япырай

## Сәрсенбі - Среда, 15 сәуір

### ХАБАР

03.00 17.00 Техникалық үзіліс
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Деректі фильм «Толқын тербеген тағдыр»
20.10 Сборник «Cover show»
21.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC
23.00 Телехикая «Эшрефтің Арманы»
01.00 Телехикая «Фатмагүл»

### ЕВРАЗИЯ

Уважаемые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 17:00 в связи с профилактическими работами
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
17.00 «Qoslike»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Ментовские войны-9»
00.40 «Гавные новости»
01.05 сериал «ученица мессинга»
03.00 «басты жаңалықтар»
03.30 «koremiz-шоу»
04.15 «Паутина»

### КТК

профилактика с 03:00 до 17:00
17.05 сериал «дворняжка ляля»
18.30 сериал «однажды в Чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «Клан ювелиров»
23.40 сериал «тверская»
01.40 сериал «Дворняжка ляля»
03.10 «желаладдин», түрік телехикаясы.
04.10 кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.30 «ктк қоржыны»
05.30 «әнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 К/ф «Біздің апай - ханшайым»
11.05 «Әсем әуен»
11.40 Д/ф «Жайлы мектеп»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолдау. 2025 жыл»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын- сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00, 02.10 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09.50 Мультсериал «Губка Боб»
11.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
12.20 Мультсериал «Кунг-фу панда»
13.10 Худ. фильм «МЕХАНИК»
15.00 Худ. фильм «Парень- Каратист»
17.40 Худ. Фильм «Парень- Каратист-2»
21.00 «13-Й Воин»
23.00 «Streetxaha» Телехикаясы.
23.40 «Басбұзар»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын- сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «зың-зың Күлпәш»
07.00, 22.00 Телехикая «үзілген жапырақтар»
09.00, 17.00, 18.30, 02.20 Телесериал
11.00, 20.00 Сериал «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Док. фильм «Каспий: море на грани»
14.10 «Үздік әзілдер». Әзіл-сықақ бағдарлама
15.40 Телехикая «Әмірші әйел»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
23.20 Әзілің жарасса
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.50, 05.20 Новости

**Утерянный ИБР Россия № 0294599, № 0294598 выданный ТОО «EXPRESS LOGISTICS» БИН 920901403080 считать недействительным.**

# ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫ

**(Жалғасы. Басы өткен санда)**

ОБ ОБРАЗОВАНИИ КОКЧЕТАВСКОЙ И ТАЛДЫ-КУРГАНСКОЙ ОБЛАСТЕЙ В СОСТАВЕ КАЗАХСКОЙ ССР

**Указ от 16 марта 1944 г.**

Утвердить представление Президиума Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики:

1. Об образовании Кокчетавской области с центром в городе Кокчетаве.

В состав Кокчетавской области включить: город Кокчетав и Айртауский, Келлеровский, Кзылтууский, Кокчетавский, Красноармейский, Чкаловский районы, выделив их из состава Северо-Казахстанской области, и Арык-Балыкский, Зерендинский, Рузаевский, Щучинский, Энбекшильдерский районы, выделив их из состава Акмолинской области.

2. Об образовании Талды-Курганской области с центром в поселке Талды-Курган.

В состав Талды-Курганской области включить: Аксуский, Алакульский, Андреевский, Бурлю-Тобинский, Дзержинский,




Талдықорған облысы қаһарлы қанды соғыс жүріп жатқан кезде Алматы облысынан бөлініп, жеке облыс болып шаңырақ құрған. Бұл 1944 жылы 15 наурыз күні Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен бекітілген.

«КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төралқасы 1944 жылдың 16 наурызында бекіткен Указына сәйкес Талдықорған облысы құрылды» - деп кейбір тарихшылар, жазушылар зерттеулерінде осылай жазып жүр. Бұл шындыққа жанаспайтын мәлімет.

Өйткені 1944 жылы 15 наурызда Талдықорған облысы 13 ауданнан құралғаны туралы мәлімет облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханасындағы 1945 жылы Алматы қаласынан шыққан «Ведомости Президиума Верховного Совета Казахской ССР» деген деректі кітапта жазылған. Кітапта көрсетілгендей, Талдықорған облысы 13 әкімшілік ауданнан құралған:

- Ақсу ауданы, орталығы - Ақсу селосы, жер көлемі 6,2шаршы км.
- Алакөл ауданы, орталығы - Үшарал, жер көлемі 16,5 шаршы км.
- Андреев ауданы, орталығы - Андреевка селосы, жер көлемі 3,1 шаршы км.
- Бөрлітөбе ауданы, орталығы - Лепсі селосы, жер көлемі 39,2 шаршы км.
- 28 гвардеецтер ауданы, орталығы-Қоғалы селосы, жер көлемі 9,2 шаршы км.
- Дзержинск ауданы, орталығы - Дзержинск селосы, жер көлемі 1,9 шаршы км.
- Қапал ауданы, орталығы - Қапал селосы, жер көлемі - 5,7 шаршы км.
- Қаратал ауданы, орталығы - Үштөбе, жер көлемі 14,9 шаршы км.
- Киров ауданы, орталығы - Кировск, жер көлемі - 6,6 шаршы км.
- Октябрь ауданы, орталығы - Көктал селосы, жер көлемі - 7,6 шаршы км.
- Панфилов ауданы, орталығы - Панфилов қаласы, жер көлемі 5,1 шаршы км.
- Сарқан ауданы, орталығы - Сарқан селосы, жер көлемі - 4,3 шаршы км.
- Талдықорған ауданы, орталығы-Қарабұлақ селосы, жер көлемі - 3,29 шаршы км.

Қазіргі Жетісу облысы (Талдықорған облысы) 8 аудандық әкімшілігінен құралған, яғни, кейбір аудандар ірілендірілуіне байланысты аудандар саны қысқарған.

Ендігі айтайын дегенім, осы аты аталған аудан еңбеккерлерінің алапат Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбектерінің арқасында Жеңіс күнін жақындатқан ерлікке тән тірліктерін атап кеткенді жөн көрдім.

### АҚСУ АУДАНЫ

Ақсу ауданының тыл ардагерлері соғыстағы Жеңіске зор үлестерін қосты. 1941 жылдың қыркүйек айында Ақсу ауданының партия комитеті Қызыл әскер жауынгерлері үшін жылы киім жинауды ұйымдастырушы комиссия құрамын бекітті. Мұның бәрі ақсулықтарға қысқа мерзімде майданға 328 келте тон, 1176 пар пима, 463 центнер ет, 600 мыңнан астам ақшалай көмек көрсетуге мүмкіндік туғызды.

1945 жылдың қаңтар-тамыз айлары



аралығында Ақсу ауданы бойынша жауынгерлер семьясына 80 мың сомнан аса ақшалай және 281 центнер астық, 25 бас мал, 196 кг. кондитер тағамдары, 140 кесек кір сабын, 88 кг. сары май, 115 жұп әртүрлі аяқ киім, тағы басқа материалдық көмек көрсетілді («Октябрь туы, 10 май 1955, №90»).

Тылда жан аямай еңбек еткен әрбір азаматтың алатын орны ерекше. Олардың маңдай терімен келген бейбіт өмір - бүгінгі бізге мұра, ұрпаққа аманат.

Соғыс тек майдан шебі емес, ол - тылдағы тынымсыз еңбек, қарапайым халықтың қажыр-қайраты, елге деген адалдығы. Тыл ардагерлерінің қиындыққа мойымай, еңбекпен елге, Отанына адал қызмет еткен жылдары - өздерінің парызы, халқына деген сүйіспеншілігі деп білген жөн. Олар тың еңбеккерлері ғана емес, Жеңістің тірі куәгері, олардың өмір жолы- ұрпаққа үлгі, тағылым мен тағзымға толы тағдыр.

Белгілі қарымды қаламгер, марқұм Болат Бисұлтанов «Қайран шешем» атты көлемді мақаласында ауданның Тарас колхозының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл еңбеккерлерінің қиын, қажырлы еңбегі туралы жазған. Ерazаматтар майданға кеткенде тылдағы қыз-келіншектер нардың жүгін арқалап, егін егіп, мал өсіріп, майданға кеткен ерлердің соңында қалған ұлдары мен қыздарын аялап, ауру-сырқаудан сақтандырып, олардың оқып білім алуын да естен шығармай, ауылда мал қайыруға да шамасы келмейтін қариялардың жай-күйінің жанашырлары сол қыз-келіншектер еді.

Ұлы Отан соғысының өрті өршіп тұрған кезде дүниеге келгендер, біздің замандастарымыздың жасы бүгінде сексеннен асып кеткендер соғыс қасіретін ұмыта қоймаған шығар.

Сол құдіретті замандағы «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» деген жалынды ұранға кең байтақ еліміздегі сияқты Тарас ауылының жұртшылығының ішінде әкелер мен аналар, қалтыраған қарттар мен бұғанасы қатпаған жеткіншектердің жұмылғанын кейінгі ұрпақ біледі. Солардың бірі журналист Болаттың анасы Кәмилә Бисетайқызы, әпкесі Нұрқайша Солтанбаева. Нұрқайша қаршадай қара қыз, кәмелет жасына толмаған, трактор руліне соғыс аяқталғанша отырып, одан кейін де механизатор болып кәсібін жалғастырады.

Ал Рысжан Сүйіндікова болса қант қызылшасын өсірушілер арасында қол жеткен табыстары үшін бірнеше рет марапатталған.

Тарас ауылында майдан тылында аянбай қажырлы еңбек етіп, есімдері күні бүгінге дейін ұмытылмай, құрметпен аталып жүрген аналар аз емес. Олар Мәриям Шүршітбаева, Әймен Тәшкенова, Қаншай Толқынова, абысынды Қапия мен Баяу Диқанбаевалар, Ақкыз Мұсабекова, Дәметкен Қанабаева, Бәкен Оразова, Бибі Аязбаева тағы басқалар («Алатау» газеті, 9 мамыр 2013 жыл).

### АЛАКӨЛ АУДАНЫ

Аудан тыл ардагерлерінің соғыс жылдарындағы ерен еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Ұрпақ жадында мәңгі сақталары анық. Олар көрген қиындықты бүгінгі жас ұрпақ көрмесін. Ел аман, жұрт тыныш болсын.

Үшарал қаласының тұрғыны Надежда Георгиевна Суслова соғыс жылдарындағы өмірі туралы былайша еске алады.

- Бізді барлық балалармен бірге егіс даласына бірге алып барып бидай егуге, картошка салуға үлкендерге



көмектесетінбіз. Одан басқа бұзаулы сиырларды бағатынбыз. Барлық ер азаматтардың жұмысын әйелдер атқаратын. Біз балалар әже-аталарға да көмектесетінбіз. Көктемде жерді өгіз жегілген соқамен аударып, күзде егінді қолмен орып, балалар масағын жинайтын.Таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс жасайтынбыз. Жұмыстан кейін кешқұрым аналарымыз, әжелеріміз қызыл әскерге иқупәйке, шолақ тон тігетін, қолғап, носки тоқитын, оған біз де көмектесетінбіз.

Ұлы Жеңістің хабарын естігенде бірбірімізді құшақтап жыладық. Ән айтып, би биледік, - дейді тыл ардагері Надежда Суслова («Огни Алатау», 25 маусым 2022 жыл).

1945 жылдың 13 қыркүйегінде ауданның 85 тыл ардагеріне үкіметтің марапаттары берілді. Олардың ішінде Сталин атындағы колхоздың еңбеккері Күләш Олжабаева, «Путь Ленина» колхозының ферма меңгерушісі Моисей Постолов, Алакөл МТС-ның темір жонушысы Тимофей Решетников және басқалары бар («Заря», 8.11.04. 1995).



**(жалғасы газеттің келесі санында)**

**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,**
**тарихшы-өлкетанушы**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 13 (1276) 10.04.2026
Алатау

# ҚАЗАҚТЫҢ ҒАРЫШТЫ ИГЕРГЕН

**ҒАРЫШ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ҚАШАН ДА ТАРТЫМДЫ ДА ҚЫЗЫҚТЫ. АДАМЗАТТЫҢ ҒАРЫШТЫ ИГЕРГЕНІНЕ 1961 ЖЫЛДЫҢ 12 СӘУІРІНЕН БЕРІ 65 ЖЫЛ БОЛЫПТЫ. ОСЫ ОРАЙДА БАЛА КЕЗДЕРІНЕН АСПАНҒА КӨЗ ТІГІП ӨСКЕН АРМАНШЫЛ ЖІГІТТЕРІМІЗДІҢ ҚИЯЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫП, АЛҒАШЫНДА АСПАН КӨГІН ШАРЛАҒАН ІЗДЕРІ ҒАРЫШ ӘЛЕМІНЕ СҮҢГІП, БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ҒАРЫШКЕРЛЕРГЕ ЖОЛ САЛЫП ЖАТТЫ. ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ЕЛІМІЗДІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАН ҮШ ҒАРЫШКЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАНҒАН ДЕРЕКТЕРДЕН ҮЗІНДІЛЕРДІ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІК.**



## ҚАЗАҚТЫҢ БІРІНШІ ҒАРЫШКЕРІ

**Қазақтың тұңғыш ғарышкері болу бақыты Қарқаралы өңірінің тумасы Тоқтар Әубәкіровке бұйырыпты. Ғарышқа 1991 жылы ұшқан Тоқтардың ғарышкерлер тобына алынуы үшін көрген хикметтері аз емес еді.**

**1946 жылы дүниеге келген Тоқтар әкесінен ерте айырылған. Әжесі мен анасы және екі әпкесімен бірге тұрып, 10 жасынан бастап-ақ, ерте есеюге тура келді. Отбасында жалғыз ер бала болғандықтан, үйдегі ер адам атқаратын барлық шаруаларды өзі жасауға тура келгендіктен Тоқтар ерте есейіп, шаруаға, қиындыққа төселіп өсті. 8 сыныпты бітіре салысымен заводқа темір жонушы болып жұмысқа тұрды. Тоқтардың ауыл маңына келіп қонған санитарлық самолетке қызыға қарағаны соншалық, ұшқыш жігіт балалармен қоса Тоқтарды да самолетіне отырғызып, ауылды бір айналдырып келгені есінде. Сол сәттен бастап әуеде ұшу оның қиялына айналған еді... Сондықтан болар ол парашютпен ұшу секциясына жазылып, онда 3-ші разрядқа ие болды. Кешкі мектепте он кластық білім алды. 1965 жылы әскери әуе училищесіне, 1976 жылы әскери ұшқыштар мектебін аяқтап, 1979 жылы Мәскеу авиациялық институтын бітірді. Онда техникалық білімдердің докторы ғылыми атағына ие болып, профессор атағын алды.**



### АСПАНДЫ БАҒЫНДЫРУ

Улан-Уде әуе заводына, одан кейін Микоян атындағы конструкторлық бюроға ұшқыш-сынақшы мәртебесін игеру үшін жіберілді. Кеңес одағы ыдырағанша сол жерде ол реактивті ұшақтардың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізеді. Самолетке екі рет әуедегі жағдайда жанармай құйғызып алып, Солтүстік полюске тоқтаусыз ұшып жетті. Сол ерлігі үшін 1988 жылы ол Кеңес Одағы батыры деген атақ алды. Кеңестер Одағының авиация тарихында тұңғыш рет «Тбилиси» авиатасушы крейсерден «МИГ-29К» дыбыстан да жылдам ұшатын истребительді көкке тікелей ұшыра алу нәтижесінде оның есімі Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді. Тоқтар Әубәкіров 1990 жылы Еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш атағына ие болды. Мұның бәрі батырдың ғарышқа ұшуының алғы шарттары еді.

1991 жылдың қазанында Союз-ТМ-13 ғарыш кемесі Александр Волков пен австриялық зерттеуші ғарышкер Франц Фибёк және Тоқтар Әубәкіров үшеуі ғарышқа сапар шекті. Ғарыштағы сегіз күн сапарында «Мир» орбиталдық комплексінде қажетті жұмыстарды атқарды. Ғарышкерге 300-ден аса ғалым мен мамандар бас қосып, арнайы бағдарлама әзірлейді. Оның бәрі әлем назарына ілініп, соңғы 30 жыл ішінде бұндай жаңалықтарды осындай зерттеулері арқылы көрсеткен бірдебір ғарышкердің болмағаны туралы жазылып, Әубәкіровтің еңбегі жоғары бағаланады. Сол сапары үшін Октябрь революциясы атындағы орденді иеленді.

- Мен отыз жылдай Ресейде қызмет еттім. Атақты Микоян атындағы мекемеде білдей қызметте отырдым. Ол жерде жұмысым құпия еді. Тіпті куәлігімде жәй ғана «жүргізуші» деп жазылған болатын. Бірақ еліме қайтқым келді. Әйеліммен ақылдасып едім, «Осында келгенде елім үшін деп келген едің, енді елің үшін оралуың керек. Сен өз еліңе керексің, қайтайық», - деді. Әрине, орыстар мені жібергісі келмеді, дегенмен табандылық танытып кеттім-ау, - деп ағынан жарылды бұл жайында ғарышкер тағы бір сұхбатында. Саяси өмірдегі сатыларына келсек, Тоқтар Әубәкіров Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан Қорғаныс Комитеті төрағасының орынбасары, Ғарышты игеру жөнінен Қазақстан президентінің көмекшісі қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап бірнеше рет Парламент мәжілісінде депутат болып сайланды. Жалпыұлттық «Азат» социал-демократиялық партиясының құрамында болды. Әскери тәртіптің адамы қашан да айтар ойын ашық айтып, ішіне сақтап қала алмайтын дағды бойынша Тоқтар ғарышкер тіпті экс-президент Назарбаевпен Байқоңыр ғарыш аймағы туралы қайшы пікірге келіп қалғанын да жасырмай айтып қалған сәттері белгілі. Ортақ пікірге келе алмаса да кейбір деректерге сенер болсақ, екеуінің сәлемі бұзылмаған сыңайлы.Тоқтар іні болып сыйлай білді, «ағасы» - ғарышкер інісінің қарсы пікірін елемеуге тырысты...



**Қазір тұңғыш ғарышкер зайыбы Татьяна Михайловнамен көрген Тимур мен Миша сияқты ұлдарынан үш қыз және бір ұл немерелері бар. Ұл немересінің аты – Тоқтар Тимурұлы Әубәкіров... Өзі баяғының батырларындай сәйгүліктер өсіріп, аңшылықпен айналысады.**

## ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ЕКІНШІ ҒАРЫШКЕР

**Талғат Мұсабаев қазақ елінің жадында аспан әлеміне саяхаттаған, ғарышта бір емес, үш мәрте ғылыми зерттеу жүргізіп, ұлттың рухын асқақтатқан азамат ретінде мәңгі сақталары сөзсіз. Әлемнің 309-шы ғарышкері болып саналатын Талғат 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылында туған. Ол халық қаһарманы, техника ғылымдарының докторы, авиация генерал-лейтенанты. Қазақстан Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы және ҚР Парламенті Сенат депутаты болды. Ол 1994 жылы алғаш ғарышқа ұшып, 126 күнін аспан кеңістігінде өткізген. 1998 жылы екінші сапарында 208 күн болды. Гиннестің рекордтар кітабында бір айдың ішінде 5 рет небәрі 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққаны жазылған.**

Орбитаға Қазақстанның туын және Құран кітабын алып барған.

Талғат Мұсабаев ашық ғарышқа 7-мәрте шықты. Оған дейін ғарышта бір тәуліктен артық уақыт ешкім болмаған, сондықтан оның бұл жетістігі Гиннесс рекордтар кітабына енгізілді. 2007 жылдан 2014 жылға дейін Талғат Мұсабаев Ұлттық ғарыш агенттігін (Қазғарыш) басқарды. Қысқа кезеңде оның басшылығымен Қазақстан ұлттық ғарыш саласының дамуы жолында үлкен серпіліс жасады. Заманауи ғарыш инфрақұрылымы құрылды, кәсіби кадрдың өзегі қалыптасты, отандық ғарыш техникасы мен технологиялырын жасауда айтарлықтай жетістікке қол жеткізілді, заманауи ғарыш технологиясы бойынша мамандар даярлау жөніндегі стратегиялық маңызды міндет шешіліп, Қазақстан өзін жоғары технологиялар мен ғылым саласында зор амбициясы бар ел ретінде таныта алды.



**Қазақстандық ғарышкер, Халық қаһарманы, Қазақстан әуе күштерінің генерал-майоры, «Бәйтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы Айдын Айымбетов те Jibek Joly телеарнасының тілшісіне Талғат Мұсабаев жайлы естелігін бөлісті:**

*- Ол маған маза бермейтін, кедергі келтіріп емес, іске жан-тәнімен берілгендіктен, басқалардан да соны талап ететін. Ол Қазақстан ғарышының тағдырына шын жүректен алаңдайтын. Ешкімге, тіпті ең жақын серіктеріне де босаңсуға мүмкіндік бермейтін. Ол әрқашан нәтижеге қол жеткізетін. Онымен жартылай күшпен жұмыс істеу мүмкін емес еді. Оның Ұлттық ғарыш агенттігін басқарған тұста Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы құрылды. Жинақтау-сынақ кешенінің құрылысы басталды. Бүгінде Қазақстан спутникті өзі жобалап, өзі жасай алады. Тіпті, қазақстандық технология негізінде халықаралық келісімшарттар жасал-*

# ҰШ ҚЫРАНЫ

*ды. Біз әлемдік ғарыштық деңгейге шықтық. Жолдың басында Талғат Амангелдіұлы «Бәйтерек» жобасын басқарды. Ол кісінің осы бастаманың басында тұрғаны – символ. Енді бұл жобаны қисынды аяқтау үшін бар күшімді саламын. Қазақстандық «Бәйтерек» ұшыру кешенінен зымыран ұшырылуы тиіс. Біз оның қазасына қайғырамыз, бірақ, мен сенімдімін, ол қалдырған із тек орбитада емес, қазақстандықтардың жүрегінде де сақталады,* - деді Айдын Айымбетов.



### ТАЛҒАТТЫҢ ӨМІРЛІК ҚАҒИДАСЫ

- Тәртіп пен тәрбие - менің өмірлік қағидам. Ішкі тәртіп пен қоғамдық тәртіпті өзгеден де талап етпей, саған адамдардың соңынан еру сенің тапсырылған жағдайда, өзіңе талап қоймай жатып, қажет нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Ашық ғарышқа шығу кезінде және өмірде де талай төтенше жағдай болып тұрады, сондай жағдайдан мені тәртіп, жүйелілік және кәсібилік құтқарып отырды. Ол үшін кім болсаң да өз балаларыңа сөзбен емес, ісімен әділдікке, еңбекке, мейірімге үйретіп жүрген қарапайым үй шаруасындағы әйел де әлеуметтік белсенді тұлға. Ал ғарышкерлер сол санатқа сөзсіз жатады. Біздің міндет - жердегі өмірді сақтау. Ғарыш адамға үлкен моральдық әрі рухани сабақ береді және мен әр адамға сенемін. Өйткені, ол әрдайым жасампаздыққа қызмет етеді. Бүгінде тағдырдың жазуымен жоғары шенеунікпін. Ғарыш - тек адамзаттың асқақ арманы ғана емес, сонымен қатар кез келген мемлекеттің халықаралық деңгейін, беделін айқындайтын жоғары саясат, – деген еді Талғат Мұсабаев. Өкінішке қарай ол 74 жасында дүние салды. Оның есімі Қазақстан тарихында отандық ғарыштағы алғаш ізашарлардың бірі әрі көрнекті мемлекет қайраткері ретінде мәңгілікке сақталады.

# ҒАРЫШҚА ҚҰШТАР АЙДЫН АЙЫМБЕТОВ

**2015 жылы қазақтың батыр ұлы Айдын Айымбетов «Союз ТМА-18М» кемесімен ғарыш кеңістігіне көтеріліп, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев салып берген сара жолды жаңғыртты.**




Айдын Айымбетов 1972 жылы Талдықорған облысында дүниеге келген. Тарихшы-өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлы ағамыздың айтуынша, Айдынның әкесі Ақан Қаратал ауданындағы Тастөбеде туып, осы Жетісу өңірінде жұмыс істеген адам. Соған қарағанда Айдыны «Жетісудың төл перзенті» деп айтуға әбден болады. Құлтай ағаның деректерінде Айдынның тегі Әйгілі Балпық би мен Қырымбай әулетінің ұрпағы екендігі айтылады. Айдын ғарышқа ұшар алдында оның анасы Жұмағұл Сәрсенбайқызының Қарымбай әулиенің басына барып, Айдынның ғарыштан аман қайтуын тілеп, әулиеге тәу етіп қайтқаны да сондықтан болса керек...

Мектептен кейін Армавир жоғары әскери авиация училищесін, Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлерді даярлау орталығын, І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетін және Д.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясын бітірген Айдын ҚР Әскери-әуе күштері қатарында ұшқыш-жоюшы және авиациялық буын командирі ретінде қызмет етті. 2015 жылдың қыркүйегінде «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесінің борт инженері ретінде халықаралық ғарыш станциясына ұшты.

Денсаулығы мен біліктілігі жоғары болғандықтан ол алғашқы мәртебесі ауа кеңістігіне шығатын қатысушыдан, борт-инженер №2 дәрежесіне тағайындалды.

Айдын ғарышта Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтар жүргізген ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша зерттеулерді жалғастырды. Оған қоса «Дастархан-6» деп аталған ұлттық тағам өнімдерінің ғарыштағы пайдалы қасиеттерін зерттеді. «Ғарыш кеңістігіне көтерілгенде мен қазақ ғалымдарының тапсырысы бойынша физика-техникалық, медико-биологиялық 20-ға жуық ғылыми тәжірибе жүргіздім. Бұлардың бәрі отандық ғылымды дамыту үшін аса қажет жобалар болатын», – дей келе, Айдын бір сұхбатында күреспен айналысқан адамдардың ғарышқа ұшқанда организмі ғарыш кеңістігіне тез бейімделетінін айтып, біраз жыл күреспен де айналысқанын да айтып өткен. Сонымен қатар ғарышқа «қазақ жастарының көбірек ұшқаны дұрыс, өйткені жастары 40-тан асқан адамдарға ғарышта ұзақ уақыт болу қауіпті екенін де» ескертіп айтып отырады. Ғарышкер жастармен кездесулерде көптеген ғарыш әлеміне құмар жастардың сұрақтарына терең мазмұнды жауаптар мен ұсыныстарын айтып отырады. Соның бір мысалы азаматтық авиация ұшқыштары мен әскери ұшқыштар арасындағы айырмашылықтарды атай келіп, әскери ұшқыштарды азаматтық авиация саласына қабылдамайды деп, себебін анықтап айтқаны бар.

### ҒАРЫШҚА ҚҰРТ АПАРҒАН

Жастармен кездескен кездегі бір әңгімесінде Айдын құрт туралы қызық әңгімесін айтқан еді.

- Экипажбен алып кететін азығымызды таңдағанда да ерекше мұқият болдық. Арнайы мамандар ұзақ уақыт бойғы зерттеу жұмыстарынан кейін ірімшік пен құртты салып жіберді. Сондай-ақ, біз үшін сорпа дайындалды. Бұның барлығы жоғары технологиямен жасалған, дәрумендер қосылған, өте құнарлы, жалпы алғанда адамның еңбекке қабілеттілігін арттыратын тағамдар екенін айта кеткен абзал.



Экипаждағы жалғыз қазақ болған соң, шетелдік әріптестеріме өзіме деп апарған тағамдардан дәм ұсындым. Құрттың жасалу жолы жөнінде кеңінен әңгімелеп, кейіннен «ауыз тиіңіздер» дегендей ишара білдірдім. Алғашында бәрі үрке қарап еді, менің құртты ерекше сүйсініп жегенімді көрген олар көп ұзамай: «Бізге де берші» деді. Бердім. Таңқалды. Сөйтіп жүргенде ауылдың дәмі деп апарған құртым да таусылуға жақын қалды. Бір кезде қайдан үйренгенін білмеймін, шетелдік ғарышкер жаныма қалықтап келіп, қазақшалап «Айдын, құрт бар ма?» — дегені... Аз қалса да бір құрт беруге тура келді.

Алла сәтін салып, Жерге аман-есен қондық. Халықтың ыстық ықыласына бөленіп, үлкендердің ақ батасын алдық, Мемлекет басшысы тарапынан айтулы марапаттарға ие болдым. Шүкір деймін. Бұл ретте бүгінгі менің бағындырған белесім — бүкіл қазақстандықтардың еңбегінің нәтижесі дегим келеді. Көптеген ғалым, инженер мамандардың, еліміздің сарабдал саясатының жемісі бұл. Бәрі менің арқам десем, өте ұят болады. Сол себепті, барша қазақ халқына мың алғыс!

Қазақстан ғарыш саласының болашағы қандай деген сұраққа Айдын: «Расын айтқанда, біз дүниежүзілік ғарыш саласында алдамыз деп айта алмаймын. Бізге әлі де кемшіліктерімізден нәтиже шығарып, ғарышты зерттеу жағын қарастыруымыз керек. Бірақ ол үшін қазіргі жер бетіндегі мемлекеттер арасындағы шиеленісті жағдайлардың таркатылуы қажет. Ең бастысы, елімізде тыныштыққа қауіп төндірмеу. Егер Жер планетасында тыныштық болса ғарышты зерттеу жұмысы да өз дамуын жүргізе береді», - деп жауап берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір ғылымды дамытуға баса көңіл бөліп отыр.Бұл дегеніңіз біздің ғалымдарымыздың болашағы алда деген сөз. Бұған дейін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік және мемлекеттік секторларында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған Айымбетов 2021 жылдың 13 қыркүйегінен бастап «Қазақстан ғарыш сапары «ҰК» АҚ басқарма төрағасы.

**(Деректердің кейбірі Казинформ, 24кз., МедиаMax, QMonitor-дың орысша нұсқасынан қазақшаланды)**

***P.S. Тарихшы-өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлында Айдын туралы 300-ден аса мақала бар екен. Қарт зерттеуші Айдын туралы ғұмырнамалық кітап жазам деп ойлаған екен, әттең, қолдың қысқалығы қолбайлау болып тұр... Құлтай ағамыз зерттеулерінің бірінде Айдынның келіншегі Лилияның Байқоңырда дүниеге келгенмен, әкесі Жетісу жерінде туғанын, әскери адам екенін жазады. Олар Пышан Жөлменденің ұрпақтары – дейді тарихшы өлкетанушы Құлтай аға.***

**Редакциядан: Аттары алтын әріппен Қазақстан тарихына жазылған ғарышкерлеріміздің төл мерекелері құтты болсын. Еліміздің абыройын асқақтатқан қырандардың ізбасарлары көбейсін!**

## Қазақстандық ғарышкерлер саны 9 екенін білеміз бе?

**Адамзат ғарышты меңгеруге аяқ басқан 1961 жылдың 12 сәуірінен басталатын, Кеңестер одағының ғарыштық тарихына Қазақстанның егемендікке ие болғанға дейінгі ғарышкерлер саны 6 екенін, ал қазақстандық ғарышкерлердің жалпы саны күні бүгінге дейін 9 екенін бірі білсе енді бірі біле бермейтін сыңайлы. Анықтап айтқанда, Кеңестік дәуірде Қазақстанда дүниеге келген ұлты орыс ғарышкерлер еліміз тәуелсіз мемлекетке айналған соң Ресейлік ғарышкерлер санына кіргізіліп, қазақстандық ғарышкерлері ретінде тек ұлты қазақ Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов саналды. Алдыңғы алтауға келер болсақ, олар кімдер? Кеңестік жүйедегі аға буын өкілдері болмаса, оларды бүгінгі қазақстандық жас оқырмандар тани бермейді.**



**1. Владимир Шаталов № 13-ші КСРО ғарышкері,** қазақстандық ғарышкерлердің тізімінде бірінші болып тұр. 1927 жылы солтүстік Қазақстанның Петропавловск қаласында дүниеге келген, Ленинград теміржол институтын бітірген соң отбасын көшіріп алған. 1963 жылы Космонавтарды дайындау орталығына алынады. Ғарышқа ең алғашқы рет 1969 жылдың 14 қаңтарда «Союз 5» ғарыш кемесінде жалғыз ұшады. Кейінгі ұшқан кемелері сәтсіздікке ұшырап отырған. Кейін ол Ғарышты игеру орталығын басқарады. QMonitor сайтының деректері бойынша Шаталов 93 жыл өмір сүріп қайтыс болады.



**2. Виктор Пацаев- ол да қазақстандық.** Ақтөбе облысының тумасы. 1933 жылы 19 маусымда дүниеге келген. Ақтөбеде 8 классты бітірген соң, оның ата-анасы Калининград облысына көшеді.Пенза қаласының индустриалды институтын аяқтап, Сергей Королевтың қарамағындағы аэроғарыштық құрылғылар мен ғарыштық кемелерді жобалайтын конструкторлық бюрода еңбек етеді. КСРО-ның №25 ғарышкері болып бекітілген Пацаев, ғарыштағы сапарында кемелердегі жоспарлы ақаулықтарды жөндеген, түйістірген. Ғарышта болған уақыты 23 күн 18 сағатты құраған. Бұл ол кезде дүниежүзілік рекорд болып саналатын. Тапсырма орындалған соң, ғарыш кемесі жерге бағытталып, Жезқазғанға қонғанда, кемені қарсы алушылар қонған аппаратты ашқанда екі ғарышкердің тек жансыз денесін көрген...



**3. Валера Рождественский – КСРО-ның №38-ші ғарышкері,** ол да Петропавловскінің тумасы. Ленинградта соғыс басталған жылы небәрі үш жаста болған. 1942 жылы туған жеріне эвакуацияланған - дейді деректер..



**4. Кеңестік одақтың № 43 ғарышкері болып Владимир Жәнібеков** тіркелді. Ол 1942 жылы 13 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданының, Ескендір ауылында дүниеге келген. Ташкенттегі Суворов училищесін бітірген соң Ейскідегі әскери әуе ұшқыштарын дайындайтын жоғары авиациалық училищені бітірді. 1978 жылдан 1985 жылдар аралығында Жәнібеков кеме командирі болып ғарышқа бес рет ұшты. Сол кездің өлшемімен бұл дүниежүзілік рекордтар деңгейінде болатын. Жалпы саны ғарышта 145 күн болып, оның арасында екі рет ашық ғарышқа шыққан еді. Ғарышкер Жәнібековтың ұлты орыс, тегі үйленгенге дейін Владимир Крысин болған. Ол этнограф ғалым Абдул-Хамит Жәнібековтың немересімен оның тегін алу туралы шартпен қосылып, Владимир Жәнібеков болады. Өкінішке қарай, Владимирде ұл болмаған, қызы ғана бар.



**5. №62-ші ғарышкер Александр Викторенко** Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы Ольгинка селосында 1946 жылы 29 наурызда дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Орынбордың жоғары әскери әуе училищесін бітіреді. Әскери әуе бөлімдерде 10 шақты жыл қызмет еткен соң ғарышкерлер тізіміне қабылданып, ғарышқа 4-төрт рет ұшады, оның екеуі КСРО азаматы ретінде.1989 - дың қыркүйек айы мен 1990 жылдың ақпан айларында ол ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 17 сағаттан астам жұмыс істеген. Ғарышта өткізген сапарының жалпы уақыты 489 күн құраған.




**6. Жезқазған өңірінде Балхашта туып өскен Юрий Лончаков** орта мектепті Ақтөбе қаласында бітірген. В.Пацаев атындағы жас ұшқыштар мектебінде оқи жүріп, ғарышқа әуестенген. Халықаралық ғарыштық станциясында Байқоңырда туып-өскен Сергей Кудя-Сверчковпен бірге алты айлық ғарыштық сапарда болып келген.

**/Media Max сайтынан аударылып, қысқартылған нұсқа/**

# ТІЛ МӘДЕНИЕТІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

**Қоғамның рухани деңгейі мен мәдени келбетін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – тіл мәдениеті екендігі даусыз. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың болмысын, дүниетанымын, тарихи жадын сақтайтын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мәдениетінің жағдайы қоғамның даму дәрежесін, оның ішкі мәдениетін, рухани құндылықтарға деген көзқарасын айқын бейнелейді, әрі қоғамның қандай деңгейде дамығанын көрсетуге қабілетті.**

Қазіргі заманда тіл мәдениетінің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен әлеуметтік желілердің кең таралуы тілдік нормалардың өзгеруіне, кей жағдайда бұзылуына да әсер етуде.

Бірінші мәселе ретінде жастар арасында тіл тазалығына немқұрайлы қарау, сөйлеу барысында шұбар тілдің қолданылуы, орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың сақталмауы жиі кездеседі. Мұндай құбылыстар қоғамдағы тіл мәдениетінің деңгейін төмендетіп қана қоймай, ұлттық тілдің беделіне де нұқсан келтіреді. Мысалы: әлеуметтік желіде «қойш», «нестеп», «жатырм, отырм», «цунбиятырм», «киеуім» деген сияқты көптеген сөздер мен шала қазақшаланған жаргон сөздер көбейіп кетті. Оның салдарынан қазір «ң» мен «н» әріптерін ажырата алмайтындардың қатары артып отыр.

Екіншіден, тіл мәдениеті ұғымы тек дұрыс сөйлеу немесе сауатты жазумен шектелмейді. Ол – сөзді орнымен қолдану, ойды анық әрі әсерлі жеткізу, тіл байлығын орынды пайдалану, сөйлеу әдебін сақтау сияқты бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын күрделі жүйе. Мәселен, ресми ортада сөйлеу мәдениеті біздердің арамызда да қалыптаспаған деуге болады. Оған мысал, білім ордасында ұстаздарға «апай» «ағай» деп жалған жүрген сөздерді алсақ болады. Бұл үйде немесе аға-әпкеңе бағыттап қолдануға болатын сөздер. Ұстазға немесе кейін жұмыстағы әріптеске аты-жөні арқылы байланыс жасаған дұрыс.

Үшінші мәселе, тұрмыстық қарым-қатынастағы тілдік қолданыс арасында да әдепсіздер жеткілікті. Біріншіде біз жастардың кемшілігін айтсақ, мұнда қоғамдық орындағы үлкен кісілердің әдепсіздігін айтуды ұйғардым. Қарапайым автобуста апа-аталар «ей сен орныңнан тұр, орын бер» деген сөзден, телефон арқылы үй-ішіндегі жағдайды айқайлап әңгімелейтін, айналасындағы адамды қарғап, «тексіз» дегендей сөздерді айтуынан оның тіл мәдениетінен мақрұм қалғанын аңғара аламыз.

Төртіншіден біз өз тіліміздің нашар екенін қайдан білуге болады десек, көшелердегі жарнама тақталарына назар салайық. Оның да бүгінде сапасы сын көтермейді. Тікелей аударма, қате сөз, мағынасы жоқ сөйлемдер көбейіп барады.

Филология факультетінің студенті ретінде тіл мәдениетінің мәселелері мен үшін ерекше маңызды. Жоғарыда аталған 4 мысалдың барлығы тіл мәдениетін адамның жалпы мәдениетінің нашарлап жатқанына дәлел.

Қоғамдағы тіл мәдениетін көтеру үшін бірнеше маңызды бағыттарды атап өтуге болады. Біріншіден, білім беру жүйесінде тіл мәдениетіне ерекше назар аудару қажет. Мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, сөзді орнымен қолдануға үйрету. Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік сапасын арттыру маңызды. Теледидар, радио, интернет ресурстарында қолданылатын тіл көпке үлгі болуы тиіс. Үшіншіден, әрбір азамат өз сөз мәдениетіне жауапкершілікпен қарауы қажет, өйткені тіл мәдениеті – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның айнасы.

Ойымды қорыта келе, тіл мәдениеті – қоғамның рухани деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш. Тілдің тазалығы мен көркемдігі қоғамның мәдени дамуына тікелей әсер етеді. Әрбір адам өз тілін құрметтеп, оның нормаларын сақтауға ұмтылуы тиіс, өйткені тіл мәдениеті жоғары қоғам ғана өркениетті, дамыған, рухани бай қоғам бола алады.

**Аружан ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ,**
**Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**
**Филология мамандығының студенті**

***Қай елді немесе уақыт аралығын алсақ та махаббат тақырыбы өткен шақта да, болашақта да әркез ерекшеленіп тұратыны анық. Барлығымыз білетіндей, 14 ақпанды «день святого Валентина» деп ғашықтар күні ретінде атап өтеміз. Бұл күнді «қазақтың мейрамы емес» деп атап өтпеудің амалын жасайтын ер азаматтар да бар. Осыдан, бәрімізде «шынымен қазақта ғашықтар күні қашан тойланады?» деген сауал туындайды. Соны нақтылау мақсатым осы мақаланы жазуыма түрткі болды.***

# 15 СӘУІР ҚАНДАЙ КҮН?



Мәселенің мәнісіне үңілсек, халқымызда махаббат тақырыбы ешқашан назардан тыс қалған емес. Философиялық тұрғыдан алғанда да, бұл әлемнің өзі махаббаттан құралған деген түсінік бар. Мұнда тек екі жастың арасындағы сезім ғана емес, Аллаға, ата-анаға, туған жерге, табиғатқа, досқа, жалпы айналаға деген сүйіспеншілік қамтылады. Сондықтан махаббатты дәріптеу – кез келген қоғам үшін маңызды.

Қазақта ананы ұлықтайтын, әкені құрметтейтін арнайы күндер бар. Сол сияқты ғашықтық сезімді де айшықтайтын мереке бар екенін көпшілік біле бермейді. Бүгінде15 сәуір – Қозы Көрпеш Баян сұлу күні деп аталып жатады. Ерекше күнді алғаш рет 1999 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Дархан Мыңбай ұсынған.

Бұл күннің «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» деп аталуының өзінде көркем әдебиет жатыр. Қалай десеңіз, қазақ әдебиетінде нағыз кіршіксіз махаббаттың үлгісі ретінде жыр дастандарда жазылған жұптарымыз жеткілікті. Оған Абай мен Тоғжанды, Баян сұлу мен Қозы Көрпешті, Қыз Жібек пен Төлегенді, Еңлік-Кебекті т.б. айта берсек болады. Шығармада олардың махаббаты өте жүрекке жететіндей болағасын, ел арасында ақ сезімнің өлшемі ретінде бағаланып келеді.

Қазақ фольклорындағы ғашықтық жырлардың ішінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туындысының орны бөлек. Бұл жыр тек көркем шығарма ғана емес, ұлттық дүниетаным мен адамгершілік қағидалардың көрінісі ретінде де маңызды. Ғалымдар оның бастауын көне дәуірлермен байланыстырып, түркі халықтарына ортақ мұра ретінде қарастырады.

Қозы мен Баян бейнелері адалдықтың, тұрақтылықтың және шынайылықтың көркем үлгісін танытады. Олардың жолында кездесетін кедергілер – әлеуметтік теңсіздік, ата-ананың қарсылығы, сыртқы ықпалдар – махаббаттың беріктігін сынайтын жағдайлар ретінде көрінеді. Соған қарамастан, қос ғашықтың сезімі әлсіреп емес, керісінше шыңдала түседі. Қозының батылдығы мен Баянның табандылығы ұлттық мінездің биік сипаттарын айқындайды. Сол себепті 15 сәуір күні дәл осы кейіпкерлердің есімімен байланыстырыла аталып өтеді.

Бұл мереке жайлы «қала тұрғындары қазақтың ғашықтар күнін біле ме?» деген сұрақпен блиц-сауалнама жүргізіп едім:

28 жасар Әрсен:

- Шынымды айтсам, бұл мерекені білмейді екенмін. *Сізден бірінші рет естіп тұрмын. Ғашықтар күнін әйелім екеуміз 14 ақпанда атап өтеміз,* - дегенді айтты.

Ал 19 жасар Мерей:

- *Иә, мереке жайлы білемін. Осы күні қазақтың ғашықтар күні екенін жігітіме айтып, атап өтуіміз керек деп те ескерткенмін. Ғашықтар үшін қандай мереке болса да кездесуге себеп қой,* - деп жымия жауап берді.

Дегенмен кейбіреулер «қос ғашық қосыла алмады, онда неге бұл күн солардың атымен аталады?» деген сұрақ қояды. Бұл жерде мәселе олардың тағдырында емес, сезімдерінің тазалығында жатыр. Олар махаббаттың оңай келмейтінін, оған төзім мен адалдық қажет екенін дәлелдеген бейнелер.

Ойымды қорыта келе, біздің әдебиетімізде көптеген ақын-жазушыларымыздың махаббатты сипаттап жазған өзі күнды, тілі көркем еңбектері бар ғой. Олар махаббатын ісімен, ерлігімен көрсетіп, ал қалам арқылы ішіндегі толқынысын сыртқа шығарған ғой. Олай болса, бұл күні жүрегімізді сеніп тапсырған екінші жартымызға бар сезімімізді көрсетіп, көктемнің шуақты күніне белгіленген мерекеде неліктен қол ұстасып серуенге шықпасқа...

**Ақерке БАЗАРБАЙ,**
**Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**
**Филология мамандығының студенті**

# СОТ-ПСИХИАТРИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЛИНИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

**Сот-психиатриялық сараптама – қылмыстық және азаматтық істер бойынша тұлғаның психикалық жағдайын анықтауға бағытталған маңызды медициналық-құқықтық процедуралардың бірі. Оның басты мақсаты – адамның әрекет жасаған кездегі психикалық ахуалын бағалау, есінің дұрыстығын (вменяемость), өз әрекетінің мәнін түсіну және оны басқару қабілетін анықтау. Қазақстан Республикасында сот-психиатриялық сараптама арнайы нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі және тек білікті мамандардан құралған комиссия арқылы жүргізіледі.**

Сот-психиатриялық сараптама қылмыстық процесте де, азаматтық процесте де тағайындалуы мүмкін. Қылмыстық істерде ол көбіне айыпталушының әрекет жасаған кездегі психикалық жағдайын анықтау мақсатында жүргізіледі. Егер адам психикалық ауру салдарынан өз әрекетінің қауіптілігін түсінбесе немесе оны басқара алмаса, ол « есі дұрыс емес » деп танылып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Азаматтық істерде сот-психиатриялық сараптама адамның әрекет қабілеттілігін, мәміле жасауға жарамдылығын, қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу қажеттілігін анықтау үшін жүргізіледі. Қазақстанда сот-психиатриялық сараптаманы жүргізудің бірнеше түрі бар: амбулаториялық, стационарлық және сырттай (құжаттар бойынша) сараптама.

Амбулаториялық сараптама кезінде тұлға сараптама комиссиясына шақырылып, қысқа мерзім ішінде тексеріледі. Егер адамның психикалық жағдайын толық бағалау үшін ұзақ бақылау қажет болса, стационарлық сараптама тағайындалады. Бұл жағдайда зерттелуші арнайы медициналық мекемеде белгілі бір уақыт бойы бақылауда болады. Ал сырттай сараптама тұлғаға тікелей тексеру жүргізу мүмкін болмаған кезде медициналық құжаттар негізінде жасалады.

Сот-психиатриялық сараптама комиссия құрамында кемінде екі немесе одан да көп психиатр-дәрігер болады. Қажет болған жағдайда психолог, невропатолог және басқа да мамандар тартылуы мүмкін. Сарапшылар зерттелушінің медициналық құжаттарын, өмірбаяндық деректерін, туыстарының мәліметтерін, құқық қорғау органдары ұсынған материалдарды жан-жақты талдайды. Сонымен қатар клиникалық әңгімелесу, психопатологиялық тексеру, психодиагностикалық әдістер, бақылау жүргізіледі. Кей жағдайларда аспаптық зерттеулер де қолданылуы мүмкін.

Сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау үшін тергеуші, анықтаушы немесе сот тиісті қаулы шығарады. Қаулыда сарапшыларға қойылатын нақты сұрақтар көрсетіледі. Ең жиі қойылатын сұрақтар: зерттелуші әрекет жасаған кезде психикалық аурумен ауырды ма, ол өз әрекетінің мәнін түсініп, басқара алды ма, қазіргі уақытта оның психикалық жағдайы қандай, ол сот процесіне қатыса ала ма, мәжбүрлі емдеу шараларын қажет ете ме деген мәселелерді қамтиды.

Сараптама жүргізу барысында адамның құқықтары да сақталуы тиіс. Зерттелуші сараптама тағайындалғаны туралы хабардар етіледі, оның заңды өкілі қатыса алады, қажетті медициналық көмекті алуға құқылы. Сонымен қатар сарапшылар тәуелсіз болуы тиіс және тек медициналық деректерге сүйене отырып қорытынды береді. Сарапшылардың қорытындысы сот үшін маңызды дәлелдемелердің бірі болып табылады, алайда ол міндетті шешім болып саналмайды. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Сот-психиатриялық сараптама жүргізу барысында бірқатар қиындықтар кездеседі. Олардың қатарына симуляция (ауруды қолдан жасау), диссимуляция (ауру белгілерін жасыру), қысқа уақыт ішінде жағдайды бағалаудың күрделілігі, медициналық құжаттардың жеткіліксіздігі жатады. Мұндай жағдайларда ұзақ бақылау, қосымша тексерулер және комиссиялық талқылау қажет болады. Сондықтан сараптама жүргізуде тәжірибелі мамандардың қатысуы ерекше маңызды. Қазақстанда сот-психиатриялық қызмет соңғы жылдары дамып келеді. Сараптамалық әдістер жетілдірілуде, халықаралық тәжірибе енгізілуде, сарапшылардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар күшейтілуде. Сонымен қатар құқық қорғау органдары мен медициналық ұйымдардың өзара іс-қимылы да жақсаруда. Бұл өз кезегінде сараптаманың сапасын арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, сот-психиатриялық сараптама – медицина мен құқықтың түйіскен тұсында орналасқан күрделі әрі жауапты процесс. Ол әділ сот төрелігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Тұлғаның психикалық жағдайын дұрыс бағалау қылмыстық жауапкершілікті анықтауда, медициналық көмек көрсету қажеттілігін шешуде және азаматтардың құқықтарын қорғауда шешуші мәнге ие. Сондықтан сот-психиатриялық сараптаманы ғылыми негізде, кәсіби деңгейде және заң талаптарына сәйкес жүргізу қазіргі қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

**Б.Ж. Мұстафа, А.А. Нурмухамбетова,**
**Г.А. Буханова**
***Жетісу облысы бойынша сот сараптамалар институтының сот - психиатриялық және сот – наркологиялық бөлімінің сарапшылары***

ЗАҢ

**Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында салық заңнамасы жүйелі түрде жаңартылып, заман талаптарына бейімделіп келеді. Бұл өзгерістердің құқықтық негізі- Қазақстан Республикасының Салық кодексі және оған енгізілген түзетулер. Заңгер ретінде атап өтетін маңызды жайт – бұл реформалар тек экономикалық емес, құқықтық тәртіпті күшейтуге де бағытталған.**

# ӨЗГЕРІС ТӘРТІПТІҢ КЕПІЛІ

Біріншіден, жалпыға бірдей декларациялау жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұл–азаматтардың табыстары мен мүлкін ашық көрсетуге бағытталған маңызды құқықтық механизм. Оның мақсаты – заңсыз табыстарды жасырудың алдын алу және қаржылық ашықтықты қамтамасыз ету. Екіншіден, цифрлық бақылау күшейтілді. Мемлекеттік кірісте роргандары электронды шот-фактуралар, онлайн бақылау-касса машиналары және банктік операцияла арқылы салық төлеушілердің әрекетін бақылауға мүмкіндік алды. Бұл өз кезегінде салықтан жалтару фактілерін анықтауды жеңілдетеді.Үшіншіден, арнайы салық режимдері нақтыланып, шағын және орта бизнес үшін жеңілдетілген тәртіптер сақталғанымен, оларды қолдану талаптары қатаң датылды. Бұл–заңды теріс пайдаланудың алдын алу үші жасалған қадам.

Қарапайым азаматтар үшін бұл өзгерістердің басты артықшылығы– құқықтық айқындық. Яғни әрбір азамат өзінің салықтық міндеттемелерін нақты түсіне алады, мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қатынас заң мен нақты реттеліп, даулы жағдайларда өз құқықтарын қорғау мүмкіндігі артқан. Сонымен қатар декларациялау жүйесі арқылы азаматтардың мүліктік жағдайы заңдастырылып, болашақта қаржылық операцияларды (мысалы, несие алу, мүлік сатып алу) рәсімдеу жеңілдейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, әрбір азамат заңда белгіленген салықтар мен алымдарды төлеуге міндетті. Бұл талапты орындамау – құқық бұзушылық болып саналады.Салық міндеттемесіне мыналар кіреді: салық органдарына тіркелу; табыс туралы декларацияны уақытында тапсыру; есептелген салықты белгіленген мерзімде төлеу. Салық заңнамасын бұзу түрлі деңгейдегі жауапкершілікке әкеледі. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда айыппұл салынады және уақтылы төленбеген сомаға өсімпұл есептеледі. Азаматтық-құқықтық шаралар аясында берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу, банктік шоттарды бұғаттау, мүлікке тыйым салу да қолданылады. Егер салықтан жалтару ірі көлемде немесе әдейі жасалса ірі айыппұл салынады, белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым қойлады. Тіпті бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Тәжірибеде жиі кездесетін мәселе – азаматтардың салық міндеттемелерін толық түсінбеуі. Сондықтан табыс көзі бар әр азамат салықтық мәртебесін анықтап алуы тиіс, күмән туындаса, кәсіби заңгер немесе салық кеңесшісіне жүгінген дұрыс. Сондай-ақ электрондық сервистерді (eGov, e-Salyq Azamat) белсенді пайдалану қажет. Онда барлық қажетті ақпараттарды білім алуға болады.

Қорытынды ретінде айта кету керек, салық заңнамасындағы өзгерістер-құқықтық мемлекет қалыптастырудың маңызды белгісі. Бұл реформалар азаматтардың жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың құқықтарын қорғауға да бағытталған. Заң талаптарын сақтау–айыппұлдан қашу емес, өз болашағыңды қорғау

**Гүлдана МҰРАТБЕКОВА,**
**Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушы**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 13 (1276) 10.04.2026 Алатау

# КЕШ ҮЙЛЕНУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ МА?

***Соңғы жылдары үлкендер арасында отыра қалсақ жастардың кеш үйленуі туралы жиі айтылады. Ол кісілердің пайымынша 18 бен 20 жас шамасында шаңырақ көтеру қалыпты жағдай саналса, біздер ол уақыт ерте деп үйленуді кейінге қалдырып жүрміз. Кейбірі тіпті ұзақ уақыт бойдақ жүруді таңдайды. «Бұл құбылыс неліктен пайда болды?», «Жастардың үйленуге асықпауына қандай факторлар әсер етуде?» деген сұрақтарды үлкендер тарапы көп қояды. Сол жайлы жазуды ұйғардық.***



Қазақ халқы ежелден отбасыға ерекше мән берген. «Отан - отбасынан басталады» деген сөздің өзі шаңырақтың қоғамдағы маңызын айқын көрсетеді. Бұрын ата-бабаларымыз үшін үйлену - өмірдің маңызды кезеңі болатын. Олар ерте жастан отау құрып, үлкен өмірге бірге қадам басатын.

Сол дәуірде отбасы тек екі адамның емес, тұтас әулеттің бірлігі саналды. Ата-ана, ағайын-туыс жас жұбайларға қолдау көрсетіп, өмірдің қиындығын бірге еңсеруге көмектесетін. Сондықтан ерте үйлену үлкен мәселе болып саналмаған.



Ал қазіргі қоғамда жағдай өзгере бастады. Урбанизация, білім деңгейінің артуы, өмір сүру салтының өзгеруі жастардың көзқарасына әсер ететін үлкен фактор болған. Бүгінде біздер алдымен өз болашағымызды қалыптастырып алуға ұмтыламыз. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыс табу, жеткілікті табысқа қол жеткізу бұрынғыдай оңай емес. Әсіресе, үлкен қалаларда өмір сүру қымбат. Пәтер бағасының өсуі, күнделікті тұрмыс шығындарының артуы жас адамдарды ойландырмай қоймайды. Көптеген жігіттер «алдымен баспанам болсын, тұрақты табыс табайын» деген оймен үйленуді кейінге қалдырады.

Сонымен қатар, басым бөлігі жоғары білім алуға тырысады. Университетте оқу, магистратураға түсу, кәсіби тәжірибе жинау - бәрі уақытты талап етеді. Ал оны үйленіп алған соң да алып жүруге болады деген пікірлер де бар. Бірақ отбасын құрған соң жауапкершілік көбейіп, екі тараптан қыспаққа алынып жататын жағдайларды да көріп жүрміз.

Қазіргі қыздар тек отбасы шеңберімен шектелмей, қоғамда өз орнын табуға ұмтылады. Олар жақсы маман болып қалыптасып, қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізгісі келеді. Көпке топырақ шашпаймыз, бірақ кей ер азаматтар өздеріне қаржылық және тұлғалық жағынан жауапкершілік ала алмай жүргенде, қыздар қауымы өз тағдырын олардың қолына тапсыруға қорқады.

Жігіттер де дәл солай. Қазақ қоғамында ер адам отбасының негізгі тірегі, асыраушысы болуы тиіс деген түсінік әлі де сақталған. Олар алдымен мансап құрып, кәсіби тұрғыдан қалыптасқаннан кейін ғана отбасын құруды жөн көреді. Өйткені жауапкершілікке дайын болу - маңызды фактор.

**Психологиялық дайындықтың маңызы**

Соңғы жылдары ажырасу санының артуы да жастардың ойына әсер етуде. Көптеген адамдар өз ортасында ажырасқан отбасыларды көріп, мұндай жағдайдан сақтанғысы келеді. «Дұрыс адамды табу керек», «бір-бірін жақсы түсінетін отбасы болу керек» деген оймен өмірлік серігін мұқият таңдауға тырысады.

**Қоғамдық көзқарастың өзгеруі**

Бұрын қоғамда белгілі бір жасқа дейін үйлену міндет сияқты саналатын. Егер қыз 25 жасқа дейін тұрмысқа шықпаса немесе жігіт 30 жасқа дейін үйленбесе, айналасындағылар түрлі пікір айтатын.

Ал қазіргі уақытта адамның жеке таңдауына құрметпен қарау үрдісі күшейіп келеді. Әр адам өз өмір жолын өзі анықтайды деген түсінік қалыптасты. Кейбір жас саяхаттауды, жаңа білім алуды, жеке мақсаттарына жетуді бірінші орынға қояды. Олар өмірдің әр кезеңін өз қалауынша өткізгісі келеді.

Тағы бір маңызды себеп – өмірлік серікті табудың қиындығы. Қазір көбінесе өзіне лайық адамды іздейді. Қыздар жауапкершілігі жоғары, еңбекқор, отбасына қамқор жігітті қалайды. Ал жігіттер ақылды, түсінігі мол, адал қызды іздейді. Мінезі, көзқарасы, өмірлік мақсаты сәйкес келетін адамды табу кейде оңай болмайды. Ал бұрын бір-екі көрген қызды бейтаныс жігіт алып қашса да «жұрттан ұят» деген сөзбен отбасы болып кететін.

Дегенмен, жастардың кеш үйленуі отбасы құндылығының жоғалғанын білдірмейді деп ойлаймын. Жас болсақ та болашақта шаңырақ көтеріп, бала тәрбиелегіміз келеді. Тек бұл қадамды саналы түрде жасаған жөн. Яғни, материалдық жағынан да, рухани жағынан да дайын болған кезде ғана отбасы құруды дұрыс деп санаймыз.

**Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ**

ӘЛЕМ КЕРЕМЕТІНЕН

# ТАДЖ-МАХАЛ МАХАББАТ ЕСКЕРТКІШІ МЕ?

**Үндістанның Агра қаласында орналасқан Тадж-Махал әлемдегі ең танымал тарихи нысандардың бірі ретінде көпшілікке «мәңгілік махаббат символы» болып таныс. Алайда қызығушылықпен жүргізген шағын журналистік зерттеу жасағанымда, ескерткіштің тарихы тек романтикалық аңызбен шектелмейтінін түсіндім.**



Оның артында үлкен саяси, экономикалық және мәдени мән жатыр. Тарихи деректерге сүйенсек, Тадж-Махалдың құрылысы 1632 жылы Моғол империясының билеушісі Шах Джаханнің бұйрығымен басталған. Оның жары Мумтаз Махал қайтыс болғаннан кейін салынған бұл кесене 20 жылдан астам уақыт бойы тұрғызылған. Ресми нұсқада бұл – махаббаттың белгісі. Бірақ зерттеушілердің пікірінше, бұл жоба императордың саяси беделін күшейтіп, империяның қуатын көрсетуге бағытталған стратегиялық шешім болған.

Құрылыстың ауқымы ерекше. Тарихшылар шамамен 20 мыңнан астам жұмысшы мен шебердің қатысқанын айтады. Жобаға Үндістаннан бөлек, Парсы, Осман және Орта Азиядан келген сәулетшілер тартылған. Негізгі құрылыс материалы - ақ мәрмәр, ол Раджастхан аймағынан жеткізілген. Сонымен қатар лазурит, нефрит, яшма секілді бағалы тастар қолданылып, қабырғалар күрделі өрнектермен безендірілген. Бұл - сол кезеңдегі экономикалық қуаттың нақты дәлелі.

Қаржылық тұрғыдан алғанда, Тадж-Махал өз дәуіріндегі ең қымбат жобалардың бірі саналады. Кейбір деректерге құрылысқа жұмсалған қаражат бүгінгі есеппен миллиардтаған долларға тең екені айтылады. Бұл қаражаттың негізгі бөлігі империя қазынасынан алынған. Демек, қарапайым халықтың еңбегі мен салығы да осы ескерткіштің салынуына ықпал етті.

Тағы бір маңызды мәселе - еңбек жағдайы. Кейбір аңыздарда құрылыс аяқталғаннан кейін мұндай сәулет құрылысы қайталанбас үшін шеберлердің қолы кесілгені туралы айтылады. Алайда бұл дерек тарихи тұрғыдан дәлелденбеген. Дегенмен, ауыр еңбек пен қатаң тәртіптің болғаны анық. Бұл да жобаның оңай жүзеге аспағанын көрсетеді.

Бүгінде Тадж-Махал – әлемдік туризмнің ірі орталықтарының бірі. XIX ғасырда бұл жерге тек зерттеушілер мен аздаған саяхатшылар келсе, қазіргі таңда жыл сайын шамамен 7–8 миллион турист келеді. Оның ішінде мыңдаған шетелдік бар. Ескерткіш ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілгеннен кейін оның маңызы одан әрі артты.

Алайда туристердің көптеп келуі жаңа мәселелерді де туындатты. Ауа ластануы салдарынан мәрмәр сарғайып, ескерткіштің бастапқы келбеті өзгеру қаупі бар. Осыған байланысты Үндістан билігі қорғау аймақтарын енгізіп, көлік қозғалысын шектеу сияқты шаралар қабылдаған екен.

Журналистік тұрғыдан қарағанда, Тадж-Махал – тек махаббаттың символы емес. Бір жағынан жеке трагедиядан туған туынды болса, екінші жағынан империялық идеологияның көрінісі. Туризмнің қайнап тұрған Түркия, Египет дегендей елдеріне азаматтар тарихи ескерткіштерді көруге барады ғой. Сол сияқты Тадж-Махал арқылы билеуші өз дәуірінің күшін, байлығын және мәдени деңгейін әлемге паш етуді мақсат еткен болуы керек.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

# КІМНІҢ ДОНЕРІ ӨТІМДІ?

**Қалада донер жегің келсе, ұзақ ойланудың керегі жоқ - Жансүгіров көшесіне барсаң болды. Бұл көше қазір донердің «орталығына» айналып кеткендей.**

Бір күні жұмыстан шығып, түскі ас ішуге Жансүгіров көшесіне бардық. Тамағымызды күтіп отырып «Неге «Донер на Абая» Абай көшесінің бойынан ашылмады екен» деп әзілдеп отырғанбыз. Солай әңгіме өрбіп, сол көше бойында ылғи донер сататын дәмханалар тұрғаны жайлы айтып кеттік. Медициналық колледжің бойымен түссең, донер сататын жердің көшін Lavash бастап тұр. Ары қарай «Донер на Абая», Smile's, Doner 24/7, Ata doner. Аздап жүрсең тағы Emar, Parmezan бар.

Бір көшенің бойында осынша донер сатығын орын болғаны қызық көрінді. Сосын өзімізше «мынау кәдімгі донердің көшесі ғой» деп күліп алдық.

Әрқайсының өз клиенті бар екен. Кейбіреулер «Smile's пен Донер на Абая дәмді, әрі түнге дейін ашық» дейді. Шынында да, түнде жүретіндер үшін бұл үлкен плюс. Ал енді біреулер «Lavash-тың донері жақсы» деп мақтайды. Ata doner туралы да әртүрлі пікір бар: біреу ұнатады, біреу «құрғақ» дейді.

Яғни, бұл жерде кәдімгі бәсеке жүріп жатыр. Әркім өзіне ұнаған жерді таңдайды. Бірақ бәрінің бір жерде жиналып тұрғаны қайсысына қолайсыз болып тұр екен? Әрине ол жалға алынатын немесе сатып алынатын орынның орналасқанына байланысты ғой. Бұл көше адам көп жүретін, тіршілік қайнап жатқан жер. Сондықтан кәсіпкерлер де осы жерді таңдайды.

Бірақ осының бәрін көріп отырып, санамызға бір ой келеді. Біздің қалада жастар баратын орындар аз дегенді бәрі айтады. Көпшілік Ситидағы және Атамекендегі кинотеатрға немесе тамақ ішетін жерлерге барады. Басқа демалатын, уақыт өткізетін қызықты орындар жетіспейді.

Мүмкін, қалаға донер сататын дәмханадан басқа да қызық орындар керек шығар. Мысалы, демалатын, ойын ойнайтын, достармен жиналатын жерлер көбейсе жақсы болар еді.

Ал әзірге, біздің басты «маршрутымыз» өзгермейтін сияқты: алдымен киноға, сосын Құс жолының бойындағы фаст фудпен тамақтануға барамыз.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**












ЗАКОН

# ОСОБЕННОСТИ ПОВРЕЖДЕНИЙ ТРУБЧАТЫХ КОСТЕЙ ПРИ РАЗЛИЧНЫХ МЕХАНИЗМАХ ТРАВМЫ

Повреждения трубчатых костей человека (например, бедра, голени, плеча, предплечья) могут варьироваться в зависимости от механизма травмы. Эти повреждения могут быть разными по характеру, от простых переломов до сложных травм с множественными осложнениями. Рассмотрим основные механизмы травм и их особенности:

**1. Травмы при прямом механизме**

Это травмы, возникающие при воздействии внешней силы непосредственно на кость. Например, при падении на конечность или ударе по кости.

**Особенности:**

- **Переломы** (чаще всего поперечные или оскольчатые).
- Повреждение может быть как открытым, так и закрытым.
- При сильных ударах возможны повреждения мягких тканей, сосудов и нервов, особенно в области суставов.
- Характерно повреждение более прочных участков кости, например, в области диафиза (средняя часть трубчатой кости).

**2. Травмы при непрямом механизме**

Это травмы, когда внешняя сила воздействует на кость через соединение с другими костями, мышцами или суставами. Например, при падении на вытянутую руку или ногах.

**Особенности:**

- **Переломы по типу «вывиха»** — когда сила, действующая через сустав, вызывает перелом и вывих одновременно.
- **Переломы вдоль оси кости** — например, при падении с высоты, когда сила передается через сустав на длинную кость.
- Возможны сложные повреждения с повреждением мягких тканей и суставов.
- Из-за специфики механизма травмы такие повреждения могут быть сложными в плане лечения и реабилитации.

**3. Травмы при кручении или скручивании (торсионные травмы)**

Это повреждения, возникающие при интенсивном кручении кости, например, при поворотах или скручиваниях конечности.

**Особенности:**

- Часто возникает **спиральный перелом**, когда кость ломается по диагонали с характерной спиральной линией.
- В таких случаях переломы могут быть как чистыми, так и с повреждением мягких тканей.
- Скручивающие травмы могут привести к более сложным повреждениям суставов и мягких тканей, особенно если на суставном уровне происходит нестабильность.

**4. Травмы при компрессии**

Это повреждения, возникающие при прямом давлении на кость, например, при столкновении с тяжелыми предметами или в результате сдавливания в результате несчастных случаев.

**Особенности:**

- **Переломы компрессии** — чаще всего это характерно для тел позвонков (но могут возникать и в других частях тела). В трубчатых костях также может наблюдаться сдавливание, что приводит к образованию осколков или частичной потере формы кости.
- Такие переломы могут сопровождаться сильными болями, отеками, а также повредить кровеносные сосуды и нервные окончания.

**5. Травмы при растяжении**

Это повреждения, возникающие в результате чрезмерного растяжения или натяжения костей, например, при рывках, резких движениях.

**Особенности:**

- Такие травмы могут привести к переломам через слабые участки кости (например, в области эпифиза или метафиза).
- Растяжение также может привести к повреждениям мягких тканей, суставов и связок, особенно при отсутствии должной стабильности в суставе.

**6. Травмы при высокой скорости (автомобильные аварии, падения с большой высоты)**

Это механизмы, связанные с высокой энергией воздействия, которые могут привести к серьезным повреждениям костей.

**Особенности:**

- **Сложные переломы**, включая многооскольчатые переломы, когда кость дробится на множество частей.
- Чаще всего происходят открытые переломы, сопровождающиеся травмами мягких тканей.
- В таких случаях возможны сопутствующие повреждения сосудов, нервов, что значительно усложняет лечение и восстановление.
- Кроме того, часто повреждаются несколько костей одновременно (например, переломы обеих костей голени, многократные переломы ребер).

**7. Переломы в условиях остеопороза**

Это специфические повреждения костей, когда структура кости ослаблена из-за остеопороза, и даже при незначительном механическом воздействии может возникнуть перелом.

**Особенности:**

- Обычно происходят **переломы в области шейки бедра, позвоночника**, реже — трубчатых костей.
- В таких случаях даже слабые внешние силы могут привести к перелому, который бывает часто компрессионным или оскольчатым.

Повреждения трубчатых костей могут значительно различаться по типу в зависимости от механизма травмы. Важно правильно определить характер повреждения, чтобы правильно установить механизм образования травмы.

Приведенные данные позволяют предложить способ установления механогенеза разрушения кости по орнаменту излома в качестве одного из дополнительных при оценке механизма травмы в практике судебно-медицинской травматологии.

**Асан НУРЖАНОВ,**
**Врач, судебно-медицинский эксперт,**
**высшей квалификационной категории,**
**медико-криминалистическое отделение ИСЭ**
**по области Жетісу.**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫНДА 26,87 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТ ЖИНАҚТАЛДЫ

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 наурызына 26,87 трлн теңгеден асты. 12 айдағы өсім 4,19 трлн теңгеге немесе 18,5%-ға өсті.

2026 жылдың 1 наурызында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 25,23 трлн теңге. Бір жылдағы өсім 3,35 трлн теңге (15,3%).

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 746,91 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 14,8%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 23,6% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2026 жылдың ақпанындағы жағдай бойынша көлемі 9,89 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,8 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 наурызына 879,18 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы екі айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 571,83 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,0%-ға (немесе 74 501,45 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 наурызға дейін 446,35 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 7,3%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 26,89 млрд теңге (өсім – 20,0%), ЕЗЖ – 347,0 млн теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 98,25 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 523,88 млрд теңгеден асты.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-ақпандағы БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 237,13 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 42,32 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 735 теңге.

2026 жылдың басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 86,26 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 26,86 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 6,67 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 665,93 млн теңге, жерлеуге – 1,63 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 72,73 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,39 млн. бірлік (12 айдағы өсім – 1,03 млн бірлік немесе 5,9%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 наурызына 12,75 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,31 млн - МЗЖ бойынша, 771,33 мыңы - МКЗЖ бойынша, 471,51 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,31 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 5,64 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

# «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН НЫСАНАЛЫ ТАЛАПТАР МЕН ЖИНАҚТАР

Заңды өкілдер тарапынан eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында 2025 есепті жылы балаларына есептелген нысаналы талаптар туралы ақпараттың көрсетілмеуі мәселесі бойынша өтініштердің түсуіне орай БЖЗҚ аталған жағдай келесі себептерге байланысты болуы мүмкін екенін хабарлайды:

1. Мобильді қосымшаларда құжаттар жаңартылмаған. Ақпараттың дұрыс көрсетілуі үшін келесі амалды орындау қажет:

• eGov Mobile қосымшасында: «цифрлық құжаттар» - «отбасы» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»;

• екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер» - «барлық құжаттар» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

2. Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға нысаналы талаптарды есептеу туралы мәліметтер көрінбейді. Бұл жағдайда ақпарат заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмейді, себебі нысаналы талаптар нысаналы жинақтар (НЖ) мәртебесіне ие болды және енді НЖ туралы мәліметтерге қол жеткізу құқығы оларды алушыға (2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азамат) тікелей қолжетімді болады.

Естеріңізге сала кетейік, есепті жылы 18 жасқа толатын азаматтардың нысаналы талаптары НЖ-ға айналады және жыл басында олардың БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) автоматты түрде АҚШ долларымен есептеледі. 18 жасқа толған күннен бастап жастар өздерінің нысаналы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе білім алуға пайдалануға немесе болашаққа зейнетақы жинақтары ретінде сақтауға құқылы.

Бұл ретте НЖ алушылар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өздері алуға тиіс. БЖЗҚ қазақстандық заңнамаға сәйкес НЖШ-дағы қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қоса алғанда, НЖ құпиялылығына кепілдік береді.

БЖЗҚ балалардың заңды өкілдеріне цифрлық құжаттарды мобильді қосымшаларда уақытылы жаңарту, сондай-ақ кәмелетке толған азаматтарға НЖ туралы ақпаратқа оны пайдаланушылардың өздері ғана қол жеткізе алатындығын түсіндіру қажет екенін еске салады.

Баланың бағдарламаға қатысу фактісі және 18 жасқа дейінгі балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты кәмелетке толмаған азаматтың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша kids.enpf.kz сайтынан тексере алады, мұнда бағдарламаның шарттарымен, нұсқаулықтармен, сондай-ақ қызықтырған сұрақтардың жауаптарымен танысуға мүмкіндік бар.

# БОЛЕЕ 26,87 ТРЛН ТЕНГЕ НАКОПИЛИ НА ПЕНСИОННЫХ СЧЕТАХ КАЗАХСТАНЦЫ

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 1 марта 2026 г. превысил 26,87 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев более чем на 4,19 трлн тенге или на 18,5%.

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 1 марта 2026 года составили 25,23 трлн тенге. Их прирост за год составил 3,35 трлн тенге (или 15,3%).

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составила 746,91 млрд тенге, показав рост за 12 месяцев на 14,8%.

Значительный годовой прирост показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) - на 24%, на 1 марта 2026 г. их объем составил 10,09 млрд тенге.

Увеличивается и сумма накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей). По состоянию на 1 марта 2026 года она составила 879,18 млрд тенге, увеличившись по сравнению с аналогичным периодом прошлого года составил в 2,8 раза.

Поступления

Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За первые два месяца 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 571,83 млрд тенге взносов, что на 15,0 % (или на 74 501,45 млрд тенге) больше, чем в январе-феврале прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 марта 2026 г. поступило 446,35 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 7,3 %), ОППВ – 26,89 млрд тенге (рост на 20,0%), ДПВ – 347,0 млн тенге. Взносы за счет ОПВР за год составили 98,25 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, превысил 523,88 млрд тенге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-февраль 2026 года достигли 237,13 млрд тенге.

Объём выплат по возрасту составил 42,32 млрд тенге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста - 38 735 тенге.

Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года составили 86,26 млрд тенге, выплаты по наследству – 26,86 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 6,67 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 665,93 млн тенге, выплаты на погребение – 1,63 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 72,73 млрд тенге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 марта 2026 года составило 18,39 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,03 млн единиц или 5,9 %). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 марта 2026 г. - 12,75 млн единиц, из них: 11,31 млн - по ОПВ, 771,33 тыс. - по ОППВ, 471,51тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,31 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 5,64 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

# РАЗЪЯСНЕНИЕ ЗАКОННЫМ ПРЕДСТАВИТЕЛЯМ УЧАСТНИКОВ ПРОГРАММЫ «НАЦФОНД-ДЕТЯМ»

В связи с поступлением в ЕНПФ обращений законных представителей по вопросу отсутствия отображения в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и банков второго уровня информации о целевых требованиях, начисленных их детям за 2025 отчетный год, ЕНПФ поясняет, что указанная ситуация может быть обусловлена следующими причинами:

1. Отсутствие обновления документов в мобильных приложениях. Для корректного отображения информации необходимо обновить документы, следуя по пути:

• в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;

• в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

2. Отсутствие сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году. В данном случае информация не отображается в личном кабинете законного представителя в связи с тем, что целевые требования обрели статус целевых накоплений (ЦН) и теперь право доступа к сведениям о них доступно непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году).

Напомним, что целевые требования граждан, которым исполняется 18 лет в отчетном году, становятся ЦН и в начале года автоматически зачисляются в долларах США на их целевые накопительные счета (ЦНС) в ЕНПФ. С даты достижения своего 18-летия молодые люди имеют право самостоятельно использовать свои целевые накопления на улучшение жилищных условий и/или на получение образования, либо сохранить на будущее как пенсионные сбережения.

При этом получатели ЦН должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства. ЕНПФ согласно казахстанскому законодательству гарантирует тайну ЦН, включая сведения об остатках и о движении денег на их ЦНС.

ЕНПФ рекомендует законным представителям своевременно обновлять цифровые документы в мобильных приложениях, а также при необходимости разъяснять детям, достигшим совершеннолетия, порядок самостоятельного доступа к информации о ЦН.

Информацию о факте участия ребенка в программе и начисленных целевых требованиях детям до 18 лет родители или другие законные представители несовершеннолетнего могут также проверить на специально созданном сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

# АЗАМАТТАР АРЫЗДАРЫН АНА ТІЛІНДЕ БЕРСЕ...

Біздің елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға байланысты пәрменді шаралар ұдайы назарға алынып келеді. Оның бастауы сонау кеңес дәуірінің ыдырауы алдында қолға алынған болатын. Атап айтсақ, 1989 жылы Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін көтеруге талпыныс жасалып, «Тіл туралы» заң қабылданды. Бұл заңның ең басты жетістігі - қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, оны қорғау заңдастырылды. 1990 жылдардың басында үлкен тарихи өзгерістер болып, еліміз тәуелсіздік алды. Қазақстан Республикасында 1997 жылы «Тілдер туралы» заң қайта қабылданды.

Тіл туралы заңда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп танып, оны мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады деп жариялादық. Осы тіл туралы заңнан ертерек қабылданған Қазақстан Респбликасының Конституциясының 7 бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Респбликасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп танылды да, осы баптың екінші тармағында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады - деп көрсетілді.

Мемлекеттіліктің басты белгісінің бірі және бірегейі - мемлекеттік тіл болса, ал оның тағдыры жеке адамдар, топтар шешетін жай шаруа емес. Мемлекеттік тілдің аясын кеңіту, тұтынуын тереңдету сияқты ой-пікірлер, үгіт-насихаттар бүгінгі күні аз айтылып жатқан жоқ. Дегенмен осы мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту заңдылық тұрғысынан қалай орындалуда, мемлекеттің тілге байланысты заңдардың сақталу және орындалуы қай деңгейде. Міне, бүгінгі күннің негізгі тақырыбы осы болуға тиіс.

Мемлекеттік тіліміздің дамуы мен нығаюына бағытталған заңдар қабылданып, мемлекеттік бағдарламалар дайындалып, сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін іс-шаралар жоспарланып, атқарылып келеді. Сот өзінің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан азаматтарының объективті ақпарат алудағы конституциялық құқығын жүзеге асыра отырып қана қоймай, сот билігінің беделін нығайтып, сот жұмысының сапасын жақсартады. Сот істерінің ресми тілде жүргізілу себептерінің бірі, сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғаушы адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен орын алып жатады.

ҚР Азаматтық процестік кодексінде сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз. Сондай-ақ, тілді таңдау, әр азаматтың конституциялық құқығы болғандықтан, сот істерінің мемлекеттік тілде жүргізілуі арыздардың сотқа қай тілде берілуіне байланысты. Сондықтан сот ісінің қазақ тілінде жүргізілу көрсеткішін барынша арттыруға қол жеткізілмей отырғанын тек қана соттардың кінәсінен деп сынға алуға болмайды. Ендеше азаматтар сотқа жүгінгенде арыздарын ана тілінде берсе немесе уәкілетті органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, мемлекеттік тілде қаралатын істер саны барынша арта түсері даусыз.

**Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,**
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ ТУЫНДАЙ ҚАЛСА...

Біз күнделікті жұмысымызда еңбек дауларына қатысты істерді жиі қараймыз. Жалпы, еңбек дауларының пайда болуының көптеген себептері бар және олар әртүрлі және ең жиі кездесетіні – жұмыс берушінің жекелеген қызметкерлердің немесе жалпы еңбек ұжымдарының еңбек құқықтарын бұзуы. Еңбек даулары – жұмыскердің немесе қызметкерлер ұжымы мен жұмыс берушінің арасында еңбекті пайдалануға байланысты мәселелер бойынша шешілмеген келіспеушіліктер. Келіспеушіліктер қызметкер (ұжым) мен жұмыс беруші арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешілмеген кезде еңбек дауы туындаған деп есептеледі. Сондықтан еңбек дауына келіспеушіліктер әкелмеу үшін қызметкер (ұжым) оларды тікелей жұмыс берушімен шешуге тырысуы керек.

Естеріңізде болсын, еңбек даулары екі сатыда – тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Тараптардың келісімімен еңбек даулари келісім комиссиясы қарауы мүмкін. Келісім комиссиясы тараптардың бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен тепетең негізде құрылады. Келісім комиссиясы өз құрамынан комиссияның төрағасы мен хатшысын сайлайды және арыз берушінің өтінішін ол берілген күннен бастап үш күн мерзімде қарайды. Оны қарау нәтижелері бойынша келісім комиссиясының шешімі қабылданып, арыз берушіге беріледі. Келісім комиссиясының арыз берушінің талабын қанағаттандырған шешімін қарсы тарап үш күн мерзімде орындайды. Егер де қызметкер келісім комиссиясының шешімімен келіспесе үш айдың ішінде еңбек дауы бойынша сотқа арыздануға құқығы бар.

Бұл жайында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2024 жылғы 28 қарашадағы № 1 Нормативтік қаулысында да атап көрсетілген. Атап айтқанда, осы Нормативтік қаулының 3-тармағының талаптарына сәйкес Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес жұмыскерлердің немесе бұрын еңбек қатынастарында тұрған адамдардың не жұмыс берушінің келісу комиссиясына жүгінуі олардың арасында туындаған жеке еңбек дауын сотқа дейін реттеу тәртібінің міндетті сатысы болып табылады. Егер жеке еңбек дауының тарапы келісу комиссиясының шешімімен толықтай немесе оның бір бөлігімен келіспейтін болса, дау реттелмеген болып есептеледі және келісу комиссиясының шешімімен келіспейтін тарап келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайдағы сияқты, еңбек дауын шешу үшін ол белгілеген мерзімде сотқа жүгінуге құқылы.

Айта кету керек, еңбек даулары туындай қалып, қызметкерлер еңбек құқықтық қатынастарынан туындаған талаптар бойынша сотқа жүгінген жағдайда олар мемлекет кірісіне сот шығындарын (мемлекеттік баж бен істің қаралуына байланысты шығыстарды) төлеуден босатылады. Егер осы талап бойынша моральдық шығынды өндіру туралы талап қойылса, онда мүлік дауы емес бойынша алынатын мемлекеттік алым төленуі қажет.

Соттылық бойынша еңбек даулары жауапкердің орналасқан жері бойынша талап қойылады. Егер талапкердің дауы филиалдың қызметімен байланысты болса заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша талап қоюға құқылы.

**Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,**
**Текелі қалалық сотының судьясы.**

МЕДИАЦИЯ

# ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылданып, қолданысқа енгеніне біраз жылдар өтсе де күні бүгінге дейін «Медиация туралы» заңы толыққанды жүзеге асырылмай келе жатқаны да белгілі. Оның өзіндік себептері де бар. Сондықтан медиацияның кеңінен қолданудың пәрменді шараларын қабылдаса нұр үстіне нұр болары даусыз. Өйткені, кейбір өзара тіл табыса алмаған дау дамайларды ушықтырып, сотқа дейін апарғанша, оны медиация жолымен бітімгершілікке келу арқылы оңай шешуге әбден болады. Ол қос тарапқа да пайдалы болары сөзсіз. Бітімгершілік - дауды шешудің озық әдісі болып табылады. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады. Демек, болмашы нәрсеге бола даудың өртін тұтатпай, бір бірімізбен тіл табысып, түсінушілікпен қарасақ барлық мәселені ушықтырмай ақ шешуге болары хақ.

«Медиация» сөзі – латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың көмегімен жүргізілетін тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады.

Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар атсалысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді, әмбе қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Бұған барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесі айғақ. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі. Сондықтан жұртшылық, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, атқарушы билік өкілдері Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының тиімділігі мен қолайлылығын жете түсініп, оның қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуге атсалысады деп үміттенеміз.

**Мөлдір ИСЛАМОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

ЗАҢ ТАЛАБЫ

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ БІРІКТІРУ

Басты сот талқылауы кезінде кейде қылмыстық істерді біріктіру туралы мәселе көтеріліп жататыны белгі. Сондықтан оқырмандарға түсінікті болуы үшін қылмыстық істер не себептен біріктірілетіні жайлы тілге тиек еткенді жөн көрдік. Қылмыстық істерді біріктіру — бір қылмысқа не бір айыпталушыға қатысты дербес қылмыстық істерді бір іске айналдыру. Бір оқиға бойынша түрлі өкілетті органдар дербес қылмыстық іс қозғап, сотқа дейінгі тергеуді бір мезгілде екі не бірнеше орган қатар жүргізетін жайттар бір қылмыс үшін бір адамды екі рет қылмыстық жауапкершілікке тартпау қағидасын бұзуға апарып соғуы мүмкін. Оған қоса бір оқиғаға қатысты істердің бөлек жүргізілуі қылмыс көрінісін тұтастай қалпына келтіруге кедергі болып, сот төрелігінің шындыққа жетуін қиындатады. Мұндай келеңсіздіктер қылмыстық істерді бір іске біріктіру жолымен жойылады.

Қылмыстық істерді біріктіру туралы мәселе Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 43-бабында қамтылған. Осы бапқа сәйкес бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер, бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты істер, сондай-ақ осы қылмыстарды күні бұрын уәде бермей жасырғандығы немесе олар туралы айтпағандығы үшін күдік келтірілетін, айыпталатын адамға қатысты істер бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

Сонымен қатар, бір іс жүргізуде пара алу, пара беру, парақорлықта делдалдық ету немесе параға коммерциялық сатып алу жөніндегі өзара байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істер де біріктірілуі мүмкін.

Сондай-ақ, күдікті анықталмаған, бірақ бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты бір адам немесе адамдар тобы жасады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайларда да қылмыстық істерді біріктіруге жол беріледі.

Айта кенту керек, қылмыстық істерді біріктіру қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде жүргізіледі. Қылмыстық қудалау органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға және қорғаушы тарапқа жіберіледі.

Мына бір жағдайға да назар аудару керек. Өйткені, әртүрлі адамдарға қатысты бірдей күдіктенулер, айыптаулар; жекеше айыптау ісі қаралып жатқан жағдайлардан басқа, бір-біріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып тағылған адамдарға қатысты күдіктенулер, айыптаулар; біреуі бойынша қылмыстық қудалау – жекеше тәртіппен, ал екіншісі бойынша – жариялы тәртіппен жүзеге асырылатын істер; бірге қаралуы істі объективті қарауға кедергі келтіруі мүмкін барлық басқа да күдіктенулер, айыптаулар бір іс жүргізуге біріктірілмеуге тиіс.

**Анар ТОХТЫБАКИЕВА,**
**Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.**

ДЗЮДО

# ЕУРОПА КУБОГІНДЕ ТОПЖАРДЫ




**Азербайжан Республикасының Гянджа қаласында дзюдодан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Еуропа кубогі өтті.**

Аталған халықаралық додаға 10 мемлекеттен 269 дзюдошы қатысып, өзара бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша 48 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жетісулық спортшы Талғатқызы Зере жоғары шеберлік танытып, финалда Әзірбайжан спортшысын жеңіп, алтын медальді иеленді.

Айта кетейік, Талғатқызы Зере алдағы уақытта жасөспірімдер арасында өтетін Азия чемпионаты мен әлем чемпионатында ел намысын қорғайды.

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

# 15 ЖАСАР КӘРІМ «БАРСЕЛОНАМЕН» КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ

**15 жастағы қазақ футболшысы Кәрім Меңдіқанов Испанияның әйгілі « Барселона » клубымен келісімшартқа отырды, деп хабарлайды Sports.kz-ке сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ.**



«Испанияның балалар-жасөспірімдер футболы халықаралық таланттарды өзіне тартуды жалғастырып жатыр және назарымызды аударған есімдердің бірі – Кәрім Меңдіқанов. 2011 жылы туған Қазақстаннан шыққан жас футболшы «Барселонамен» келісімшартқа қол қойды және келесі маусымда клубқа қосылады», - делінген мақалада.

Меңдіқанов Испанияға 2022 жылы келген және содан бері жергілікті жерде жаттығып жүр.

Өткен маусымда Меңдіқанов аймақтық лигада «Серданьола» клубында ойнаған. Биыл ол «Сант-Кугат» клубына ауысып, команда көшбасшысы атанған. Дәл осы жерде оны ірі клубтардың скауттары байқаған.

Айта кетейік, Кәрім Меңдіқанов атақты «Барселона» клубымен келісімшартқа отырған алғашқы қазақ футболшысы болмақ.

ФУТБОЛ

# «ЖЕТІСУДЫҢ» АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІ

**Бір ай бұрын жалауын көтерген футболдан Қазақстан премьер-лигасының көзді ашып жұмғанша төрт турының ойындары да артта қалды. Әзірше, соңғы екі жылғы ел чемпионы «Қайрат» тағы да сенімді түрде көш бастап келеді. Тіптен өткен соңғы турда қайраттықтардың қарқынына «Астана» жігіттері де төтеп бере алмай, 0:4 есебімен ойсырай жеңілуге мәжбүр болды. Қазір «Қайрат» 4 ойыннан кейін 10 ұпай жинап, жекедара топ бастап келеді. Сүйсінерлігі сол, үшінші турда «Қайраттың» жеңісті жолына біздің жерлестеріміз «Жетісу» футболшылары кедергі келтіріп, өз қақпаларын құрғақ сақтап қалды. Сөйтіп, «Қайрат» Талдықорғанда екі ұпайын жоғалтуына тура келді.**

Жалпы әңгіме арнасы «Жетісуға» ауғандықтан жерлестеріміздің алғашқы нәтижелеріне тоқтала кеткеніміз жөн. 8 наурыз күні Елордада «Астанаға» қонаққа барған «Жетісу» 1:4 есебімен жеңілістің ащы дәмін татқан болатын. Содан кейін екінші турда Қостанайда жергілікті «Тобылмен» кездесіп, 2:2 есебімен тең ойнап, алғашқы ұпайын қоржынға салған еді. Сосын, жоғарыда айтып кеткеніміздей, үшінші турда «Қайратқа» лайықты қарсылық көрсетіп, бұл қызықты да тартысты кездесуді 0:0 есебімен аяқтап, екінші ұпайына қол жеткізген.

Ал, өткен жексенбі күні «Жетісу» маусымдағы алғашқы жеңісін сырт алаңда тойлап, жергілікті «Каспийден» 1:0 есебімен басым түсті. Матч тағдырын бірінші таймның соңындағы автогол шешті. Кездесу Қызылордадағы «Қайсар Арена» стадионында өтіп, төрешілік міндетін Георгий Чеховский бастаған қазылар алқасы атқарды.



Қарсыластар сақ ойнап, ойын барысын аса қарқынды дамытпай, тең дәрежеде өнер көрсетті. Матч тағдырын бірінші тайм соңында шешілген жағдай анықтады: айып алаңына берілген пасқа жауап берген Ақтау командасының қорғаушысы Андре Амарал ойынның 44-минутында допты өз қақпасына соғып алды.

Екінші таймда «Каспий» қарымта қайтаруға тырысқанымен, қонақтар қақпасында аса қауіпті сәттер бола қоймады, ал «Жетісу» болса тайлы таяғымен өз қақпасын қызғыштай қорғап аз ғана басымдықты сақтап қала білді. Осылайша, ауадай қажет үш ұпайды олжалады.

Осылайша, «Жетісу» ағымдағы маусымдағы алғашқы жеңісіне қол жеткізіп, бес ұпай жинап, көш соңындағы командалар қатарынан алыстап, турнир кестесінің тоғызыншы сатысына көтерілді. Ал «Каспий» бір ғана ұпаймен төменгі орында қалды. Ал, көш басындағы алматылықтардан кейін «Елімай», «Ордабасы» және «Оқжетпес» командалары 8 ұпайдан жинап, қайраттықтарды өкшелеп келеді. «Астана» болса 7 ұпай жинап, бесінші орынға жайғасты.

«Жетісу» бесінші турда өз алаңында Семейдің «Елімай» ұжымын қабылдайды. Кездесу 11 сәуір, сенбі күні «Жетісу» стадионында өтеді. Көшбастаушыларға қарсы жақсы өнер көрсететін жерлестеріміз тағы да сол дәстүр бойынша мазмұнды ойын өрнегін көрсетіп, жеңісті жолын жалғастырар деген үмітіміз зор.

**Ш.БАТОВ.**

ҰЛТТЫҚ СТУДЕНТТІК ЛИГА

# БІЛІМГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕР

**Талдықорған қаласындағы Жетісу волейбол орталығында Ұлттық студенттік лиганың Шығыс дивизионы бойынша волейбол жарысы басталды, деп хабарлайды NewsMedia.kz.**





Үш күнге жоспарланған турнирде Шығыс дивизионына тиесілі жоғары оқу орындарының командалары өзара күш сынасады. Алғашқы күні Шәкәрім университеті, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Әлихан Бөкейхан университеті, Семей медицина университеті және І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командалары кездесулер өткізді.

Жарыстың ашылу салтанатында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ректоры Ермек Бөрібаев құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

- Университеттер арасындағы жарыс тартысты әрі қызықты ойындарға толы болады деп сенемін. Бұл дода жас спортшылардың ерікжігерін шыңдап, тәжірибе жинауға және үлкен спортқа жол ашуға мүмкіндік береді, – деді ректор.

Қазақстан Республикасы Студенттік лигасы аясында 7 спорт түрі бойынша жарыстар өткізіледі. Шығыс дивизионының құрамына Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Жетісу және Ұлытау облыстары кіреді. Әр өңірде спорттық жарыстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылып жатыр.

Жетісу өңірінде ерлер мен әйелдер арасында волейбол жарыстарын Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті қабылдап отыр. Университеттің спорттық базасы мен қаладағы заманауи Жетісу волейбол орталығы жарысты өткізуге толық мүмкіндік береді.

Шығыс дивизионының жетекшісі, Шығыс Қазақстан облысы волейбол федерациясының вице-президенті, Қазақстан волейбол құрамасының жаттықтырушысы Сымбат Түсіпханұлының айтуынша, осы Студенттік лигада І, ІІ, ІІІ орын алған командалар финалдық кезеңге жолдама алады.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

# ТЕКЕЛІДЕГІ ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

**«Текелі қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, сондай-ақ, жастар орталығы және бұқаралық спортты дамыту бағыттарының ұйымдастыруымен Ұлттық спорт күні мен Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында білім беру мекемесінің қызметкерлері арасында BZR league ұлттық спорттық турнирі өткізілді.**




Іс-шараның ашылу салтанатында іс-шара ұйымдастырушылары мен қонақтары қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, тартыс пен бәсекеге толы болды.




Турнирге 5 команда қатысып, жүлделі орындары сарапқа салды. Жарыс қорытындысы бойынша асық атудан бірінші орынды №7 орта мектептің командасы иеленді. Екінші және үшінші жүлделі орындарды №8 орта мектеп пен №2 орта мектептің командалары өзара бөлісті.

Арқан тартыс жарысынан №8 орта мектептің жігіттері топжарды. Екінші жүлделі орын №2 орта мектеп ұжымының үлесіне тисе, ал, үздік үштікті №7 орта мектеп командасы түйіндеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубок, медаль, грамотамен және Текелі қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

**Жансерік КӨБЕЙ,**
**«Текелі қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.**

МЕРЕЙТОЙ

# ЕҢБЕККЕ АДАЛДЫҚ ПЕН ҰЛАҒАТТЫ ЖОЛ ИЕСІ

**МАМЕТУРДИЕВА КЕМЕЛХАН ЖҰМАНҚЫЗЫ – ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ, ҰҚЫПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛДЫРҒАН, БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ САЛАСЫНДА ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН БІЛІКТІ МАМАН.**



Алдағы уақытта да еңбегіңіздің жемісін көріп, абырой биігінен көріне беруіңізге тілектеспіз.

Кемелхан Жұманқызы 1966 жылы 10 сәуірде Жетісу облысы (бұрынғы Талдықорған облысы), Панфилов ауданы, Кішішыған ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Ол 1973–1983 жылдары Панфилов ауданындағы Кішішыған орта мектебінде білім алып, оны ойдағыдай тәмамдады. Білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығының арқасында 1983–1988 жылдары І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтында білім алып, «Математика және қосымша физика» мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітірді.

Еңбек жолын 1988 жылы Талдықорған қаласындағы №3 қазақ мектеп-интернатында тәрбиеші болып бастаған Кемелхан Жұманқызы, өзінің кәсібі жолын жас ұрпақ тәрбиесі мен білім беру ісімен тығыз байланыстырды. 1991 жылдың 1 наурызынан бастап І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің физика және математика кафедрасында аға лаборант қызметін абыроймен атқарып келеді. Осы уақыт аралығында ол оқу үдерісінің сапалы ұйымдастырылуына, зертханалық сабақтардың талапқа сай өтуіне, білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға сүбелі үлес қосып келеді. Қазіргі таңда Кемелхан Жұманқызының жауапкершілігінде «Молекулалық физика», «Оптика», «Атом және атом ядросы физикасы» зертханалары бар. Ол зертханалық жұмыстардың мазмұны мен әдістемелік талаптарға сәйкестігіне үнемі назар аударып, оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіріп, зертханалық жұмыстарды жаңартып отырады.

Кемелхан Жұманқызы кәсіби қызметімен қатар, өзінің білімі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп, түрлі оқу-әдістемелік және кәсіби дамыту курстарына қатысып, сертификаттар алып келеді.

Ол ғылыми-әдістемелік бағытта да нәтижелі еңбек етіп жүрген мамандардың бірі. Ғылыми басылымдарда жарияланған бірнеше ғылыми еңбектің авторы. Атап айтқанда, 1 оқу-әдістемелік құрал, 3 әдістемелік нұсқаулық, 4 ғылыми мақала және І.Ж. Есенғабыловпен бірлесіп жазған «Жүректерге жаққан білім шырағы» атты кітаптың авторы.

Кемелхан Жұманқызы университет өміріндегі қоғамдық жұмыстардан да шет қалмайды. Ол оқу орны көлемінде ұйымдастырылатын мерекелік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларға белсене қатысып, ұжым ішінде сыйлы, белсенді қызметкер ретінде танылған.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі мен университеттің дамуына қосқан үлесі ескеріліп, әр жылдары университет ректорының Құрмет грамотасымен, сондай-ақ «Жетісу университетіне 50 жыл» Құрмет белгісімен марапатталған.

Кемелхан Жұманқызы – аяулы жар, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Өз ісіне тыңғылықты, жауапкершілігі жоғары, кішіпейіл, еңбекқор жан. Әріптестері мен студенттер арасында ерекше құрметке ие. Өзінің атқарып жүрген қызметін адалдықпен, әділдікпен, талапшылдықпен атқарып, педагогикалық ұжым мен білім алушылар арасында үлкен беделге ие болған ардақты жан.

Кемелхан Жұманқызы - Сізді мерейлі 60 жасқа толуыңызбен Жетісу университетінің физика-математика факультетінің ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз ұзақ жылдар бойы білім беру саласында абыройлы еңбек етіп, оқу үдерісінің сапалы ұйымдастырылуына, зертханалық жұмыстардың жоғары деңгейде жүргізілуіне, жас ұрпақтың сапалы білім алуына зор үлес қосып келесіз. Сіздің кәсіби шеберлігіңіз, жауапкершілігіңіз бен еңбекқорлығыңыз әріптестеріңізге әрдайым үлгі.

Осы мерейлі жасыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық пен береке тілейміз!

**С.СЛӘМЖАНОВА,**
**Физика және математика кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.к.**




**Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы**

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бакберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ – журналист-корректор

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 353
Индекс 15534